

Ф.Н. Жұмабекова, Г.А. Белгібаева, А.С. Шамилова

СУРЕТ САЛУ

Әдістемелік нұсқау

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік
оқу бағдарламасы бойынша бірінші кіші топ (2-3 жас)
педагогтеріне арналған

*Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі ұсынған*

Алматыкітап баспасы
2018

Жұмабекова Ф.Н. және т.б.

Сурет салу. Әдістемелік нұсқау. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы бойынша бірінші кіші топ (2-3 жас) педагогтеріне арналған /Ф.Н. Жұмабекова, Г.А. Белгібаева, А.С. Шамилова. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2018. – 69бет.

© Жұмабекова Ф.Н., Белгібаева Г.А.,
Шамилова А.С., 2018
© «Алматыкітап баспасы» ЖШС, 2018

ТҮСІНІКТЕМЕ

«Сурет салу» оқу-әдістемелік кешенді дайындау барысында төмендегі нормативтік құжаттар басшылыққа алынды:

1. «Қазақстан Республикасы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 15 мамыр, 2016 жылғы № 292 қаулысымен бекітілген.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығына 1-қосымша).
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы).

ОӘК-ді дайындаудың негізгі мақсаттарының бірі – педагогтерге «Сурет салу» ұйымдастырылған оқу қызметінде (бұдан әрі ҰОҚ) жаңа тәсілдерді жан-жақты қолдану жөнінде бағыт-бағдар беру.

«Сурет салу» ОӘК-нің құрамына:

- Әдістемелік нұсқау;
- Демонстрациялық материалдар;
- Балаларға арналған үлестірмелі материалдар кіреді.

Әдістемелік нұсқауда бір жылға арналған перспективтік үлгі жоспары және 36 ҰОҚ-не арналған үлгі жоспарлар берілген.

ҰОҚ-нің құрылымы төмендегі кезеңдерден тұрады:

• Бірінші кезең – ұйымдастыру кезеңі (жағымды эмоционалдық көңіл күй қалыптастырып, оқу қызметіне ықыласын ояту, балаларға ұсынылып отырған оқу қызметінің тақырыбын қуана қабылдауы үшін қажет);

• Екінші кезең – негізгі кезең, бұл кезеңде зерттеліп отырған мәселе түсіндіріліп, балалардың бәрі сабаққа белсенді араласады;

• Үшінші кезең – рефлексия, бұл кезеңде жаңадан алған білім игеріліп, реттеледі, баланың жеке білімдеріне айналады.

Педагогке көмек ретінде демонстрациялық материалдар және балалармен жұмыс істеуге арналған үлестірмелі материалдар әзірленген. Бұл материалдар баланың білімін жүйелендіруге, оқу қызметінің тақырыбы бойынша түсінігін нығайтуға мүмкіндік береді. 2-3 жастағы балаларға арналған тапсырмалар оқу бағдарламасына сәйкес жүйелендірілген және балаларды келесі кезеңдердегі білім беру жүйесіне дайындауға көмектеседі.

«Шығармашылық» білім беру саласының мақсаты. Мектеп жасына дейінгі балалардың сезімдік-эмоциялық ортасы мен эстетикалық талғамын қалыптастыру, шығармашылық ойлау мәдениеті мен елестетуін дамыту.

Бейнелеу іс-әрекеті эстетикалық ықпал ету құралдарының бірі бола отырып, баланың жан-жақты дамуына тікелей әсер етеді. Баланың сурет салуға деген ынтасы мен қызығушылығын оятып, қолдау көрсетіп отыру қажет. Сурет салу үшін қарындашты, қылқаламды, субояу мен гуашьты ұқыпты пайдалана білу дағдысын біртіндеп қалыптастырған жөн. Қағазға тігінен және көлденеңінен түзу және ирек сызықтарды жүргізуге, дәстүрден тыс сурет салуға (қағазды бүктеп бір жағына бояу жағу арқылы) үйрету қажет.

Педагог бейнелеу ұйымдастырылған оқу қызметі (ҰОҚ) барысында балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылығын оятады. Түс, сызық, дақтарды қолдана отырып, қоршаған ортадағы нақты шындық құбылыстарын бейнелеу жолдарын үйретуге баса назар аударады. Қарындашты, қылқаламды пайдаланып, жоғарыдан

төмен қарай, солдан оңға қарай түзу сызықтар жүргізеді. Үзік сызықтар мен нүктелер түсіреді. Қарындаш солғын, фломастер айшықты із қалдыратынын түсіндіреді. Фломастермен сурет салып болған соң қақпағын жаппаса, ол кеуіп қалатынын түсіндіре отырып, ұқыптылыққа тәрбиелейді. Балаларды қарапайым дөңгелек пішіндер сызуға жаттықтырады (доп, күн, бауырсақ). Бояумен жұмыс істегенде қағазға анық жол түсетінін көрсетеді. Бояу түстерін ауыстырып пайдалануға үйретеді. Өздері айналысқан бейнелеу әрекетінен қуанышты көңіл күй сезімі туындайтынын балаларға түсіндіріп, сол арқылы өздеріне жағымды сезімде болу мүмкіндіктері бар екендігін жеткізеді.

Қарындашпен сурет салу барысында балаларға ұзын жолдар, түрлі түсті жіптерді бейнелеу үйретіледі. Құмның бетіне саусақпен сурет салуды үйретеді. Мысалы, доптың, ағаштың, гүлдің. Қағазға жүзімнің бұтағын, үлкен қарбыз бен мандариндерді салып көрсетуге болады. Бояуды пайдаланып қылқаламмен сурет салу барысында егістіктегі бақ-бақ пен пияз, әдемі орамал, сүйікті табак, қуыршақтың көрпесіндегі ою, күртедегі түймелер, мәшиненің дөңгелектері, шие мен шетеннің бұтақтары, жаңғақтар, түрлі түсті моншақтар мен шарларды бейнелеудің техникасын педагог балалармен педагогикалық ынтымақтастық орната отырып үйретеді. Педагог қағаздың, қарындаштың, бояулардың өзіндік қасиеттері туралы түсінік береді, суреттегі табиғат құбылыстары мен заттардың бейнелеріне зейін қоя қарауға, ойыншықтар мен ыдыстардағы, сондай-ақ ұлттық нақышпен өрнектелген бұйымдардағы бейнелерге жіті қарауға, бейнені парактың ауданын толық қамтитындай етіп орналастыруға, айналадағы заттар мен жаратылыс құбылыстарын штрихтардың, бояу жағудың көмегімен беруге үйретеді.

Балаларды сурет салуға қызығуға, түрлі пішіндер мен бояу түстерін танып, сезінуге, суреттің белгілі бір затқа ұқсастығын түстің белгілеріне немесе педагог қолының қимыл-қозғалысына қарай ажыратуға үйрету көзделеді. Педагог балаларды бейнелеу ҰОҚ-не қатысты құрал-жабдықтармен (қағаз, қарындаш, қылқалам, бояу) таныстырады. Сондай-ақ қағаз бетіне түсірілген сызықтарға бақылау жасайды.

Бірінші кіші топ балаларына бейнелеу ҰОҚ-і барысында педагогтерге қойылатын жалпы талаптар:

- эстетикалық талғамы бай, балаларға сапалы білім беруге қабілетті болуы;
- баланы сурет салуға ынталандыра алатындай және соған жағдай жасай білетіндей біліктілігінің болуы;
- қарапайым жапсыру ептілігін қалыптастыру үшін тәжірибе жинауға түрткі бола білуі;
- бейнелеу іс-әрекеті түрлерін орындауға және халықтық ойыншықтарды жасауға деген қызығушылықтарын оята алатын ынта-жігерінің болуы;
- өзінің шығармашылық қабілетін қандай да бір іс-әрекет аясында көрсете білуі;

-әр баланың шығармашылық әлеуетін оның жан-жақты үйлесімді дамуына бағыттай отырып ұйымдастыра алуы.

Отбасындағы тәрбиені ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптар:

- баланың шығармашылық ойын еркін білдіруіне мүмкіндік беру;
- баланың нәтижелі бейнелеу іс-әрекеттеріне жағдай жасау;
- баланың қызығушылығын, бейімділігін зерттеу және оларды дамытуға ынталандыру;
- табиғат құбылыстарын бақылау, эстетикалық талғамы мен өнер туындыларына қызығушылығын тәрбиелеу;
- қазақтың және әлемдегі басқа да ұлттардың халық ауыз әдебиеті және музыкалық шығармаларын тыңдау;
- жетістікке жетуге жағдай жасау.

**Бірінші кіші топ балаларына сурет салуды
үйрету әдістемесі**

Қоғамда, айналамыздағы ортада болып жатқан қарқынды өзгерістер шығармашылық қабілеті бар, қажетті жағдайда соны әрі ерекше шешім қабылдайтын жеке тұлғаның алдына үлкен талаптар қояды. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және оны тәрбиелеу – бүгінгі таңдағы көкейтесті мәселелердің бірі. Шығармашылық – бүкіл тіршілік көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Бұған бүкіл халықтық, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. Әр жаңа ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс-әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді. Баланың шығармашылығын дамытуды көздейтін педагогтің өзі шығармашылықпен жұмыс жасауы керек. Баланың шығармашылық қабілетін дамыту мақсатында ұйымдастырылған оқу қызметі барысында жаңа технология элементтерін пайдалану тиімді.

Педагогтер балалардың ҰОҚ-не қызығушылығын арттырып, оған көңіл қоюын қадағалау, дидактикалық ойын түрінде сәбилердің бірінші тобында сурет пен мүсіндеу және жапсыру дағдыларын қалыптастырып, ынта-ықыластарын тәрбиелеу міндеті тұрады. Балаларға берілетін білім деңгейі мен іскерлік дағдыларын меңгерту мақсатында оқу уақытын екі аптадан жұптап: бірінші аптада жаңа түсініктерді меңгертуге, екінші аптада білім деңгейін кеңейтіп, тиянақтап бекітуге арналған тақырыптар ұсынылады. Олардың бейнелеуге деген қызығушылығын қалыптастыруға арналған ұқсас тақырыптар дербес көркемөнер бұрыштарындағы жұмыстарды жасау барысында жалғастырылады. Арнайы ұйымдастырылатын тәрбиелеу іс-әрекеті кезеңінде бейнелеу өнері тіл дамыту, музыка, математика, дене тәрбиесі және еңбек т.б. сабақтастырыла жүргізіледі. Бұл жұмыс барысында алған білім дағдылары ұдайы қайталанып, жетілдіріліп,

күнделікті іс-әрекет барысында жүйелі жалғасын табуы қажет. Педагог сәбилер тобында мақсатты серуендер мен саяхаттар ұйымдастыру арқылы балаларды жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін, өзгерістерін бақылай білуге үйретеді. Айналадағы өсімдіктер, жануарлар, құстар тіршілігі жайында мағлұмат береді. Адамдардың өмірі, еңбек әрекеті, тұтынатын бұйымдары, тұратын мекен-жайы туралы көрсетіп, әңгімелеседі. Көркемөнер туындылары бойынша әңгіме барысында шағын көлемді мүсіндер, көркем суреттер, әдемі безендірілген кітапшалар, түрлі түсті әдемі ойыншықтарды ұстап көріп, қасиетімен таныстырып, неден жасалғаны, көлемі, пішіні, құрылысы туралы жалпы түсінік қалыптастырады. Осылайша қоршаған ортадан көргендерін бейнелеу іс-әрекетінде беру, іскерлік дағдыларды меңгеру, бейнелеудің мәнерлеу құралдарын игерумен қоса жүргізіледі. Ең алдымен, майлы қарындаштармен жұмыс жасау тәсілдерін үйренеді, қарындашты қалай ұстау керек екенін, сызықтардың түрлерін (түзу, қисық, жуан, жіңішке, тұйық т.б.) сызуды меңгеруде қолдың жоғарыдан төмен қарай, солдан оңға қарай т.б. қимыл-қозғалысын жаттықтырады. Жұмыс барысында қағазды ұқыпты пайдалану, оны жыртып, умаждауға болмайтыны, сурет салу барысында қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс бағдарлай білу үйретіледі. Қарындашпен жұмыс істеуді меңгергеннен кейін қылқаламмен бояудың әдіс-тәсілдеріне машықтандырады. Ол үшін педагог гуашь бояуды қою етіп езіп дайындап алады да, қылқаламның ұшын ғана бояуға малып, ыдыстың шетіне сүйкеу арқылы азайтып, қағазға жағу тәсілдерін көрсетеді. Бейнелеу құрал-жабдықтарымен танысқаннан кейін өздігінен жаттығу жұмыстары (өз бетінше сурет салу) жүргізілуі қажет. Түстерді ажырата білуде, алдымен, бояудың бір ғана түсін, содан кейін біртіндеп екі-үш түсті (қызыл, жасыл, көк), жылдың аяғына қарай алты-сегіз түсті пайдалануды ұсынуға болады. Бояуды ағызбай-тамызбай, таза жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға көңіл бөлу керек.

Сурет салуға қызығушылығы мен белсенділігін арттыру педагогтің ойын тәсілдері мен көрнекіліктерді тиімді дұрыс пайдалану шеберлігіне байланысты болады. Ол үшін педагог алдын ала қиып дайындалған «Қошақандар», «Құстар» тәрізді тақырыптардағы үлестірмелі суреттерді таратып береді де, балаларға арнап «шөп», «шумақталған жіп», «шоқып жейтін дәндер» суреттерін салады. Сол сияқты бөлмеде өсірілген гүлдердің, бақшадағы көгөністердің, жеміс ағаштарының суреттерін көрсетеді. Көргендерін өздерінен сұрайды. Қалай аталады? Гүл өсіру үшін не керек? Гүлге не құямыз? Немен құямыз? т.б. сұрақтарды қояды. Балаларға берілетін қағаздың төменгі бөлігіне гүлдердің, көгөністердің суреті салынады, «Енді өсімдіктерді суға қандырамыз», – деп үзік сызықтармен жаңбыр тамшыларын салады. Сызықтарды ауада қол қимылы арқылы салып, содан соң үлгіден көрсетеді, балалар педагогке еліктеп, қайталап қағазға түсіреді. Сурет салғанда заттың пішінін дәл беру мақсаты көзделмейді, тек ұқсас бейнелер беруге үйренеді. Мұндай түсініктер ойын-жаттығулар арқылы меңгеріледі. Мысалы, «Ұшты, ұшты, жапырақтар ұшты», «Түрлі түсті шарлар ұшырамыз», «Хат жазамын» т.б. ойындар арқылы. Балалар қарапайым заттардың жетіспейтін бөліктерінің: гүлдердің сабағын, жалаушаның таяғын, күректің сабын т.б. суретін салып бітіруге әрекеттенеді.

Балалар бейнелеу ҰОҚ арқылы өмірдегі, айнала қоршаған ортадағы әсемдік пен әдемілікті сезініп қабылдай отырып жақсылыққа үйренеді, жаманнан жиренеді. Өмірдің көңілді немесе жабырқау кезеңдері болатынын біліп, табиғат құбылыстары өзгерістерін бақылап, әр алуан көңіл күйге бөленіп, әлем тылсымы ерекшеліктері жөнінде алғашқы түсініктері пайда болады. Мысалы: педагог жапырақтардың желмен қалай ұшатынын, жаңбыр қалай жауатынын, күн сәулесінің қалай мол түсетінін т.б. еске түсіріп, суретін салуды ұсынады. Бұл топтағы бейнелеу ҰОҚ-ін дұрыс ұйымдастыру үшін жыл басынан сабақты топты 8–10 баладан шағын топтарға бөліп өткізу керек. Педагог әр баламен жеке жұмыс жасап, әрекетін көріп отыруы қажет. Әр топпен жеке жұмыс ұйымдастырып, олар бейнелеу өнерін меңгере бастағанда толық топпен біріктіріп өткізуге болады. Балалардың салған суреттерін ҰОҚ-нен кейін барлығына көрінетін жерге қойып, бірге қарап шығады да, жетістіктері мадақталып, кемшіліктері болса болашақта дұрыс жасауға ынталандыра отырып, ескерту жасалады.

Педагогке әдістемелік бағыт-бағдар алу үшін «шығармашылық» білім беру саласын ұйымдастырудың перспективалық жоспары мен ұйымдастырылған оқу қызметінің үлгі жоспарларын ұсынамыз.

Авторлар

**Ұйымдастырылған оқу қызметінің
перспективтік жоспары**

№	Тақырыптары	ҰОҚ мақсаты мен міндеттері	Са- ғат
1	Қарындаш ізін салайық	Мақсаты: сурет салуға қызығушылықтарын арттыру. Міндеттері: үш саусақты арасына қарындашты дұрыс ұстауға үйрете отырып, көлденеңінен, тігінен сызықтар сызуды үйрету. Қағазбен, майлы қарындашпен таныстырып, жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; Үстелде дұрыс отыра білуге және еңбек етуге тәрбиелеу, ұсақ саусақ моторикасын дамыту, балаларды ептілікке үйрету.	1
2	Ұзын жолдар	Мақсаты: балалардың қарындашпен дұрыс жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: қағазға солдан оңға қарай түзу сызық жүргізе білуді үйрету; Бейнелегендерін іс-әрекет арқылы көрсете білу, саусақ, қол қимыл-қозғалыстарының икемділіктерін дамыту. Еңбек етуге, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.	1
3	Өртүрлі түстегі қақпалар	Мақсаты: қарындашпен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: қарындашты үш саусақпен дұрыс ұстап отырып, ұшын сәл жоғары, қатты қыспай, оң қолмен қағаз бетінде төменнен жоғары қарай, оңнан солға қарай, жоғарыдан төмен қарай қысқа және ұзын сызықтар жүргізе білуді үйрету, балалардың саусақтарының бұлшық еттерін дамыту, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.	1

4	Жау-жау, жаңбыр	Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: қылқаламмен сурет салу техникасын үйрету, сызықтарды қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру, балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып өз сезімдерін іс-әрекетте бере білуге үйрету, іс-әрекет барысында бейнелегендерін музыка әуенімен қимыл-қозғалыста үйлестіре білуге бағыттау, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1
5	Шағылысқан күн сәулесі	Мақсаты: дәстүрден тыс тәсілмен сурет салуға үйрету . Міндеттері: балаларға сурет салудың дәстүрден тәсілін үйрету, балаларға алақан мен саусақтар көмегімен күн бейнесін салу әдісін үйрету, саусақ бұлшық еттерін және қимыл-қозғалыстарын жетілдіру, бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	1
6	Жапырақтар түсуде	Мақсаты: қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: қылқаламмен таныстыру, сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіруді үйрету, қылқалам мен бояуды пайдаланып жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қолдың қимыл-қозғалысын дамыту, сұраққа жауап беруге үйретіп, ұқыпты жұмыс істей білуге тәрбиелеу.	1
7	Қызыл, сары жапырақтар	Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: сурет салудың дәстүрден тыс тәсілін үйрете отырып, балаларды алақанмен сурет салуда ұқыптылыққа, тазалық сақтай білуге тәрбиелеу. Саусақтың ұсақ моторикасын дамытып, алақанмен жапырақтың бейнесін салуды үйрету, негізгі түстер туралы білімдерін бекіту. Сұраққа жауап беруге үйретіп, табиғатқа қызығушылықтарын арттыру.	1

8	Түрлі түсті жіптер	Мақсаты: фломастермен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: фломастерді дұрыс пайдалана отырып ирек сызықтар сызуға үйрету; саусақтарының бұлшық еттерін дамыту, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Саусақ ұсақ моторикасын дамытып, сұраққа жауап беруге үйрету.	1
9	Әжемнің жіп шумақтары	Мақсаты: фломастермен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: балаларды түрлі түсті фломастерлермен жіп орамының суретін салуға, фломастерді қатты қыспай, қағаздың ортасынан бір нүктені белгілеп, сол жағынан жоғарыдан бастап, қолды үзбей дөңгелетіп салуды үйрету, балалардың қол қимылдарының қозғалысын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
10	Балықтар жүзеді	Мақсаты: қылқаламмен және бояулармен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: езілген бояумен қағаз бетін толық бояуға үйрету, қылқаламмен жұмыс істеу дағдыларын дамыту, балалардың бояумен жұмыс істеуге деген қызығушылығын және өз жұмысына деген қуаныш сезімін ояту. Сұраққа жауап беруге, ұқыптылыққа үйрету.	1
11	Жол бойымен домалаған Бауырсақ	Мақсаты: қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: қылқаламмен сурет салу дағдыларын дамыту, оңнан солға қарай түзу сызықтар сызуды жалғастыру, қарындашпен жұмыс істеу дағдыларын бекіту, саусақтың ұсақ моторикасын дамыту, ұқыпты жұмыс істеуге тәрбиелеу.	1

12	Әуе шарлары	Мақсаты: әртүрлі сызықтардың көмегімен сурет құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: қарындашты үш саусағымен дұрыс ұстай отырып, ирек сызықтар салу дағдысын бекіту, саусақ икемділіктерін, бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру, балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
13	Жапалақтап қар жауды	Мақсаты: сурет салудың дәстүрден тыс тәсілімен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: саусақ арқылы қардың бейнесін салуды үйрету, саусақтарының бұлшық еттерін дамыту, бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	1
14	Ақ ұлпа қарлар	Мақсаты: қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: жауып тұрған ұлпа қардың бейнесін салуға үйрету, бояуды сүйкей жағу тәсілі арқылы жіңішке сызықтар түсіре отырып, сурет салу іскерліктерін дамыту, табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.	1
15	Шыршаның шамдарын жағамыз	Мақсаты: қолжетімді материалдармен сурет салуға үйрету. Міндеттері: қолжетімді материал-поролонды пайдаланып сурет салуға үйрету, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, әсемдікті сезіне білуге, сурет салуға деген қызығушылық сезіміне тәрбиелеу.	1
16	Қардағы іздер	Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: қағазға қылқаламмен дақ түсіре білуді үйрету, бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, жануарлардың қимыл-қозғалысын және іздерін қарға түсіріп жаттығу, табиғаттың әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу.	1

17	Сүңгі мұздар	Мақсаты: қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: тік сызықтармен сүңгі мұздар салуға үйрету, үзік сызық сала отырып, кеңістікті бағдарлай білуге үйрету, баланың қиялын дамыту, табиғаттың ерекшелігін сезіне білуге тәрбиелеу.	1
18	Мұржадан түтін будақтайды	Мақсаты: қарындашпен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: қарындашпен сурет салу дағдыларын бекіту, қыс мезгілі ерекшелігін түсіндіру; қарындашпен үзбей ирек сызықтар салу дағдыларын қалыптастыру, саусақтарының қимыл-қозғалыстарын және икемділігін дамыту. Әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру.	1
19	Мұз айдынындағы іздер	Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру; Міндеттері: ирек сызықтар сызу дағдыларын қалыптастыру, қылқаламды дұрыс ұстай отырып, берілген фонның үстінен коньки ізін ирек сызықтар сызу арқылы көрсетуге үйрету, табиғаттың әсемдігін түсіне білуге тәрбиелеу.	1
20	Маймақ аю маң-маң басады	Мақсаты: қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастырады. Міндеттері: аюдың ізін қылқаламмен үлкен және кіші дақ түсіру арқылы салуға үйрету, жұмыс барысында балалардың өз алдына жеке дербес әрекет етуі мен белсенділігін дамыту, қыс мезгілінде аңдарға, жан-жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	1

21	Мәшиненің дөңгелектері	Мақсаты: қолжетімді материалдармен және қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: мәшиненің дөңгелегін тығын арқылы салуға үйрету, жұмыс барысында балалардың өз алдына жеке әрекет көрсетуі мен белсенділігін дамыту, ойыншықтарды күтіп ұстауға, мұқият ойнауға тәрбиелеу.	1
22	Түрлі түсті моншақтар	Мақсаты: бояулармен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: сурет салудың дәстүрден тыс тәсілін үйрету, саусақ немесе бастырма арқылы моншақтың суретін салуға үйрету, бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, әсемдікті, әдемілікті сезіне білуге тәрбиелеу.	1
23	Үйдің терезесіндегі жарық	Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: қылқаламмен үзік сызықтарды кеңістікте дұрыс орналастыра сызуды үйрету, бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, сурет салуға деген қызығушылыққа тәрбиелеу.	1
24	Торғайларға жем шашамыз	Мақсаты: қарындашпен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: фломастермен, қағазбен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қағаз бетіне нүктелерді түсіруді үйрету, ойын тәсілдері арқылы ой-қиялдарын дамыту, құстарға деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.	1

25	Орамалды безендіреміз	Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: қағазға бастырмамен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, орамалды геометриялық пішіндермен безендіруге үйрету, саусақ, қол қимыл-қозғалыстары мен икемділіктерін дамыту, балаларды әсемдікті көре білуге тәрбиелеу.	1
26	Қуыршақ Сәуленің көйлегін безендіреміз	Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: қылқаламмен немесе саусақпен көйлекті дөңгелек пішіндермен (үлкен, кіші) безендіруге үйрету; негізгі түстер туралы білімдерін бекіту, саусақтарының икемділігін арттыру, көйлекті әдемі әшекейлеу арқылы ой-қиялдарын дамыту, сурет салуға деген қызығушылыққа және талғампаздыққа тәрбиелеу.	1
27	Кілемді әшекейлейміз	Мақсаты: бояулармен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: түрлі түсті бояуларды пайдаланып кілемді безендіруге үйрету, негізгі түстер туралы білімдерін бекіту, қылқаламды үш саусақпен дұрыс ұстауға үйрету, сурет салуға деген ынта-ықыластарын арттыру, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.	1

28	Түрлі түсті сақиналар	Мақсаты: гуашпен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: қол, саусақ қимыл-қозғалыс икемділігін бейімдей отырып дөңгелек пішін салуға үйрету, бояу түстерін ажырату дағдыларын қалыптастыру, ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын, кеңістікті бағдарлай білу қабілетін дамыту, сурет салуға қызығушылыққа және түстердің үйлесімділігін сезіне білуге тәрбиелеу.	1
29	Жылғалардан су ақты	Мақсаты: үзік сызықтарды салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: көктем мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру; қылқаламмен ирек сызықтар сызуды жалғастырып, бояуды үйрету, ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, жыл мезгілдеріне деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.	1
30	Құстар ұшады	Мақсаты: балалардың дәстүрден тыс тәсілмен сурет салу біліктерін қалыптастыру. Міндеттері: балаларға алақанның көмегімен сурет салудың әдістерін көрсету; ойлау қабілеттерін арттыру, қолдың ұсақ моторикасын және тіл байлықтарын дамыту, сұраққа жауап беруге үйрету, тақырып бойынша сөздік қорларын көбейту, құстарға деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу.	1

31	Шөптегі қанқыз	Мақсаты: бояулармен жұмыс жасау біліктерін қалыптастыру. Міндеттері: балаларға шөпті бояуды сүйкей жағу тәсілі арқылы салуды үйретуді жалғастыру; үш саусағымен қылқаламды дұрыс ұстауды; қолдың ұсақ моторикасын және тіл байлықтарын дамыту, сұраққа жауап беруге үйрету; табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.	1
32	Шалғындағы бақбақтар	Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: балаларды егістікте өсіп тұрған бақбақ гүлінің пішінін, әдемілігін сурет арқылы жеткізуге үйрете отырып, бояумен жұмыс істеу біліктіліктерін жетілдіру, өздері салған суреттеріне қуана білуге және эстетикалық талғамы мен шығармашылығын дамыту, табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.	1
33	Мерекелік отшашу	Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: мерекелік отшашудың әдемілігін сурет арқылы жеткізуге, отшашудың суретін салуға үйрету, бояумен жұмыс істеу тәсілдерін жетілдіру, әдемілікті сезіне білуге тәрбиелеу.	1
34	Қошақанға шөп береміз	Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: жасыл түсті пайдалана отырып шөптің суретін салуға үйрету, саусақ бұлшық еттерін, қол қимыл-қозғалыс икемділіктерін дамыту, үй жануарларына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1

35	Үлкен және кішкентай доптар	Мақсаты: құмға сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Міндеттері: балаларға қарапайым дөңгелек пішінді саусақпен құмда сурет салуды үйрету, саусақтарының икемділіктерін арттыру, өз жұмысының нәтижесіне қызығушылықпен қарауға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1
36	Күн жарқырап тұр	Мақсаты: саусағымен құмда сурет салудың бастапқы техникасын қалыптастыру. Міндеттері: құмда үздіксіз айналмалы сызықтар жүргізуді; қолдың ұсақ моторикасын, үлгі бойынша жұмыс жасауды, сөз байлықтарын дамыту. Айналасына қызығушылық танытуға тәрбиелеу.	1
Барлығы			36

Ұйымдастырылған оқу қызметінің үлгі жоспарлары

№ 1 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, коммуникация.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Қарындаш ізін салайық.

Мақсаты: сурет салуға қызығушылықтарын арттыру.

Міндеттері: үш саусақты арасына қарындашты дұрыс ұстауға үйрете отырып, көлденеңінен, тігінен сызықтар сызуды үйрету. Қағазбен, майлы қарындашпен таныстырып, жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

Үстелде дұрыс отыра білуге және еңбек етуге тәрбиелеу, ұсақ саусақ моторикасын дамыту, балаларды ептілікке үйрету.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: түстерді атап, түзу сызық салуды;

түсінеді: қарындаш туралы, оны дұрыс ұстап, қағазға із қалдыруға болатынын және онымен іс-әрекет жасайтынын;

қолданады: қарындашпен сызық сызуды.

Қолданылатын көрнекі құралдар: №1 «Қарындаш ізін салайық» демонстрациялық материалдар, «Қарындаш ізін салайық» үлестірмелі материалдар, түрлі түсті қарындаштар және «қарындаш» ойыншығы.

Сөздік жұмыс: қарындаш.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Педагог балалардың назарын өзіне аударады. Ертегі айтып береді.

– Қазір мен сендерге ертегі айтып беремін.

Ерте, ерте, ертеде... бір қорап өмір сүріпті. Ол, міне, мынадай екен (қорапты көрсетеді). Сырты қандай әдемі безендірілген (сыртқы суреттеріне тоқталып өтеді де), оның ішінде не бар екен? (Қорапты қозғалтып, ішіндегі қарындаштарды тықырлатады).

Сөздік жұмыс: қарындаш.

2. Негізгі кезең.

– Тыңдап көріңдерші, бұл қорап ерекше, сиқырлы қорап болды. Өйткені, ішіндегі таяқшалар да сиқырлы көрінеді. Кәне, ашып көрейік, – деп майлы қарындаштарды жартылай ашып көрсетіп, – бұл таяқшалардың түстері де сан алуан екен. (Қызыл және қара түсті қарындаштарды алып, балалардан олардың түсін сұрайды).

– Бұл таяқшалар көңілді би билегісі келіп тұр. (Олар қағаз бетіне кезек-кезек шығып би билеп, «Көңілді із» қалдырмақшы болады). (Қағазбен таныстырғанда ақ қағазды көрсете отырып, келесі сұрақтар қояды).

– Мынау не?

– Түсі қандай?

Ақ қағазға майлы қарындашпен сурет салуға болады, бірақ қарындашты өте қатты басу қажет емес. Егер қарындашты қатты бассaq, қағаз жыртылып қалады. Сендер қағазды жыртпаңдар, сонда біз көп нәрсенің суретін салып үйренеміз.

– Қарындаштар көңілді би билей алады. (Қағаз бетіне жоғарыдан төмен қарай бірнеше түзу сызықтар жүргізеді).

– Қандай әдемі түстер. Мынау қандай қарындаштың ізі, кім айтады? Қызыл, көк, қара сызықтарды сызғанда қолды батыл, үзіліс жасамай жүргізіп көрсетіп, балалардың қол, саусақ қимылдарын жетілдіруге көңіл аударады. Қарындашты қалай ұстау керектігін көрсетіп, 2–3 рет ауада сызық жүргізеді.

Сурет салу тәсілін түсіндіреді

– Үш саусағымызбен қарындашты ұстап солдан оңға және жоғарыдан төмен қарай сызықтар саламыз. Сурет салу кезінде қарындашты қатты басуға болмайды.

Солдан оңға қарай және жоғарыдан төмен қарай бірнеше түзу сызықтар салады.

–Қандай әдемі түстер!

Қандай қарындаштың іздері екенін кім айтады?

Сергіту сәті.

«Өзіңе ұнайтын түсті тап!» ойынын ұйымдастырады.

Осы сызықтарды енді алдарыңдағы ақ қағазға түсіріп көріңдер.

Енді бұдан былай сурет салу бөлімінде қағаз бен майлы қарындаштарды пайдаланып, әртүрлі суреттер салып үйренеміз. Қарындаштарыңды жинап, орнына қойыңдар. Қарындаштарын жинатады. Қағаздарды педагог жинап алады да, қарындашпен салынған суреттерді балаларға көрсетіп, әрқайсысын бағалап әңгімелейді.

3. Рефлексия.

Педагог балалардың жұмыс барысын бақылап, басшылық жасап, бағыт беріп, жұмыстарын мадақтайды.

№ 2 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, коммуникация.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Ұзын жолдар.

Мақсаты: балалардың қарындашпен дұрыс жұмыс істей білу дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері: қағазға солдан оңға қарай түзу сызық жүргізе білуді үйрету.

Бейнелегендерін іс-әрекет арқылы көрсете білу, саусақ, қол қимыл-қозғалыстарының икемділіктерін дамыту. Еңбек етуге, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: түстердің атауын, қарындашпен дұрыс жұмыс істеу дағдыларын;

түсінеді: қарындашты дұрыс ұстай білуге, «ұзын» сөзінің мағынасын;

қолданады: қағазға солдан оңға қарай түзу сызық жүргізуді.

Қолданылатын көрнекі құралдар: №2 «Ұзын жолдар» демонстрациялық материалдар, №2 «Ұзын жолдар» үлестірмелі материалдар және қызыл, көк түсті майлы қарындаштар, екі түрлі жолақ қағаз (ұзын–қысқа), әр балаға арналған жолақ қағаздар, ойыншық мәшинелер, «Қоян» ойыншығы.

Сөздік жұмыс: ұзын жол, түзу сызық.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

– Балалар, өткенде біз майлы қарындашпен қағазға түрлі сызықтар түсіріп, сурет салуға болатынын білдік. Енді бүгін қандай сурет салсақ екен? Мен бір жұмбақ жасырайын, сендер жауабын тауып көріңдер:

Ұзын, ұзын, ұзын жіп,

Ұшына шыққан жан бар ма?

Ақырын басқан жан бар ма?

Ұшына шықпас жалғанда.

(Жол)

Педагог жұмбақтың мағынасын ашып түсіндіреді.

2. Негізгі кезең.

–Бүгін біз майлы қарындашпен жолдың суретін саламыз. Ол үшін маған алдымен мынаны айтыңдаршы. (Ақ қағаз бетіне немесе фланелеграфқа қызыл ұзын жолақты, көк қысқа жолақты қатарластырып қойып көрсетеді).

– Екі жолақшаның қайсысы ұзын, қайсысы қысқа?

– Түстері қандай?

Қызыл жолақ ұзын, ол қағаз бетінің шетіне дейін жетіп тұр, ал көк жолақ қағаздың ортасына дейін келіп тұр. Біз көк жолақ сияқты қысқа сызықтарды өткенде салып үйрендік. Бүгін қызыл жолақ тәрізді ұзын жолды саламыз.

Сөздік жұмыс: ұзын жол, түзу сызық.

Сурет салудың тәсілін көрсетіп отырып, түсіндіреді

Қарындашты үш саусақпен ұстап солдан оңға қарай сызық жүргізіп, жолды саламыз. Бұдан кейін ауада қарындашты дұрыс ұстауларын ескере отырып, солдан оңға қарай бірнеше сызық жүргізгендей қимыл жасайды.

Бірнеше сызықтар жүргізеді.

– Біз ұзын жол салдық, енді осы ұзын жолмен мәшинелерінді жүргізіп көріңдерші.

Сергіту сәті.

Балалар сызықтардың үстімен ойыншық мәшинелерін әрі-бері жүргізіп көреді, сабақ ойынмен жалғасады. Педагог балалар ойынға кіріскен кезде аралап жүріп талдау жасайды.

– Мынадай жолда мәшине жақсы жүреді, жол тегіс (түзу) болмаса мәшине жүре алмайды. Кейбір дұрыс сызық жүргізе алмаған балаларға сол балалардың өзінің қағазына сызып көрсетеді. Жұмыстарын аяқтаған балаларды мадақтап, оларды гимнастикалық орындықтың қасына жинайды.

– Мына жерде өздерің бейнелегендей ұзын жол жатыр, кәне, барлығымыз осы жолмен өтейік.

Балалар кезектесіп, бірінің артынан бірі жүріп, бір-біріне қол ұшын беріп көмектеседі. Жайлап аяқ ұшымен секіріп түсулерін қадағалайды.

– Жол қандай ұзын жол болса да, бәрің жақсы жүріп өттіңдер.

(Педагог балалардың дұрыс қимыл іс-әрекеттерін қолдайды. Қимыл-қозғалысты музыка әуені арқылы орындауға да болады).

3. Рефлексия.

Педагог балалардың салған суреттерін тақтаға қойып, мадақтайды.

– Қандай ұзын жол жасадық, енді бәріміз мәшинелерді жолмен жүргізіп ойнаймыз.

№ 3 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, таным.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Әртүрлі түстегі қақпалар.

Мақсаты: қарындашпен сурет салу дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері: қарындашты үш саусақпен дұрыс ұстап отырып, ұшын сәл жоғары, қатты қыспай, оң қолмен қағаз бетінде төменнен жоғары қарай, оңнан солға қарай, жоғарыдан төмен қарай қысқа және ұзын сызықтар жүргізе білуді үйрету, балалардың саусақтарының бұлшық еттерін дамыту, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: төменнен жоғары, солдан оңға және жоғарыдан төмен сызықтар сызуды;

түсінеді: қарындашпен қақпаның суретін салуды, қарындашты дұрыс ұстауды;

қолданады: қарындашпен сурет салу дағдыларын.

Қолданылатын көрнекі құралдар: № 3 «Әртүрлі түстегі қақпалар», үлестірмелі материалдар, № 3 «Әртүрлі түстегі қақпалар» демонстрациялық материалдар, қызыл, көк түсті қарындаштар, ойыншық аю.

Сөздік жұмыс: қақпа.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Педагог қарындаштың көмегімен ұзын жолдарды қалай салғандарын балалардың естеріне түсіреді.

Сөздік жұмыс: қақпа.

– Балалар, аю өзіне керемет қорған салып, оның қақпасын салуды ұмытып кетіпті, енді сендермен ойнауға шыға алмай, қақпа жасауда өздеріңнен көмек сұрап отыр.

–Көмектесеміз бе, балалар?

2. Негізгі кезең.

– Ендеше, біз қарындаштың көмегімен аюдың қорғанына әдемі қақпаларды салып, аюды өзімізбен ойнауға шақырамыз.

Сурет салудың тәсілін өз іс-әрекетімен көрсете отырып, түсіндіреді

Қарындашты үш саусағымен ұстап, жоғарыдан төмен, төменнен жоғарыға қарай және оңнан солға қарай сызықтар жүргізеді. Сурет салған кезде қарындашты қатты баспау керек.

Сергіту сәті.

«Бейнені құрастыр» ойынын ойнайды.

Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог балалардың салған қақпаларын көріп, олардың әдемі болып шыққанын айтып жатқанда аю келіп кіреді. Ол балалардың салған суреттерін көріп, өзінің ризашылығын білдіреді.

3. Рефлексия.

Барлық баланың салған суреттерін тақтаға іліп, педагог балалардан қандай түсті қақпа салғандары жайлы сұрайды. Аю балаларға көтеріңкі көңіл күй сыйлайды, ол үшін көңілді музыка қойылып, барлығы аюмен бірге би билейді.

№ 4 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, коммуникация.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Жау-жау, жаңбыр.

Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері: қылқаламмен сурет салу техникасын үйрету, сызықтарды қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру, балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып өз сезімдерін іс-әрекетте бере білуге үйрету, іс-әрекет барысында бейнелегендерін музыка әуенімен қимыл-қозғалыста үйлестіре білуге бағыттау, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: қылқаламды бояуға бұлғап, сызық сызуды, сұрақтарға жауап беруді;

түсінеді: табиғат құбылыстары жайлы қарапайым түсініктерді, бұлттан жаңбырдың пайда болатынын және қағаз бетіне жаңбыр тамшыларын үзік сызықтар арқылы салуды;

қолданады: қылқаламмен сурет салуды.

Қолданылатын көрнекі құралдар: №4 «Жау, жау, жаңбыр» демонстрациялық материал, №4 «Жау, жау, жаңбыр» үлестірмелі материалдар, көк түсті бояу, қылқалам, дымқыл сүлгілер, «Көбелек» ойыншық, жаңбырдың дауысы.

Сөздік жұмыс: жаңбыр тамшылары.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Педагог балалардың назарын өзіне аударып, жұмбақ айтып береді, оның шешімін табуды ұсынады.

Тырс-тырс тамады,

Тереземді қағады. (Жаңбыр)

– Бүгін күн қандай? Ашық па? Бұлтты ма? Жаңбыр жауып тұр ма? Балалар, бүгін күн салқын, жаңбыр жауап тұр. Аспанды бұлт торлаған. Күн бұлттанса, жаңбыр жауады.

– Тақтадағы суретке қараңдаршы, бұл не? Түсі қандай?

– Жаңбыр жауғанда қандай дыбыс естіледі?

– Кәне, тыңдап көрейік.

– Қалай тамып тұр екен? Педагог үстел үстін саусақтарымен тысырлатып, жаңбыр дыбысын бейнелейді.

– Ой, жаңбыр қалай қатты құйып жауып кетті. Енді екі алақандарыңды тізелеріңе қойып, шапалақтап көріңдер. Балалар педагогпен бірге аяқтарын тарсылдатып дыбыс шығарады, бұл жаттығулар балаларға жағымды көңіл күй сыйлайды.

Көркем сөз оқу.

Жауын-жауын жауады,

Бәрін суға малады.

Біз қарындаш аламыз,

Тамшыларды саламыз.

Сөздік жұмыс: жаңбыр тамшылары.

2. Негізгі кезең.

Жұмыстың ретін көрсетіп, түсіндіреді.

Қылқаламмен таныстырады. Қылқалам деп аталуының өзіндік себебі бар. Өйткені оның бас жағы қылдан жасалған. Ол өте жұмсақ. Өздерің алақандарыңа сүйкеп көріңдерші, жұп-жұмсақ. (Өзі сүйкеп көрсетеді). Сондықтан оны пайдаланғанда қағазға қатты басуға болмайды. Қылдан жасалған шашақтар темірмен оралып, ағашқа бекітілген. Қылқаламды дұрыс ұстау үшін темір бөлігінен ағаш бөлігіне дейінгі тұсты үш саусақтың арасына қатты майыстырмай ұстау керек. (Қылқаламды бояуға қалай батыратынын, оның артық тамшыларын қалай тазартуды балалардың алдарында тұрған ыдыстағы су мен бояуды пайдалана отырып көрсетеді).

Қылқаламды аздап бояуға малу керек, артық бояуды стақаш шетіне сүртіп қалдырамыз. Қылқаламмен қағаз бетіне шашырата сызықтар жүргізіп, тамшылар саламыз. Алаңқайдағы гүлдер жаңбырға қуанады. Жұмыс соңында қылқаламды жуып, қағаз сүлгіге сүртіп, кептіреміз.

Сергіту сәті.

Музыка әуенімен «Жаңбыр тамшыларын тосамыз» деген қимылды ойын ұйымдастырады.

Педагог балаларға тамшыларды барлық қағаз бетіне көбірек салу керектігі түсіндіреді. Балаларға берілетін қағазға гүлдердің суреті алдын ала салынған

болуы тиіс. Нөсер жаңбыр жауып, гүлдерді әбден суға қандырады деп әңгіме жүргізіледі.

3. Рефлексия.

Педагог қорытынды жасайды, балалардың салған суреттерін мадақтайды. Көрме ұйымдастырылады.

№ 5 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, коммуникация.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Шағылысқан күн сәулесі.

Мақсаты: дәстүрден тыс тәсілмен сурет салуға үйрету

Міндеттері: балаларға сурет салудың дәстүрден тыс тәсілін үйрету, балаларға саусақтар көмегімен күн сәулесін салу әдісін үйрету, саусақ бұлшық еттерін және қимыл-қозғалыстарын жетілдіру, бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: саусақ арқылы күннің сәулелерін салуды.

түсінеді: күн сәулесінің жылуы барлығын жылытатынын, бояумен ұқыпты салуды.

қолданады: саусақпен сурет салуда дәстүрден тыс әдіс-тәсілді.

Қолданылатын көрнекі құралдар: № 5 «Шағылысқан күн сәулесі». демонстрациялық материал, № 5 «Шағылысқан күн сәулесі» үлестірмелі материал, ойыншықтар, сары бояу, дымқыл сүлгілер.

Сөздік жұмыс: күннің сәулесі.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Педагог балаларға шаттық шеңберін ұйымдастырып, жұмбақ оқып, оның жауабын сұрайды:

Ақ сандығым ашылды,

Ішінен жібек шашылды. (Күн).

2. Негізгі кезең.

Педагог балаларға терезеден күн сәулесін бақылауға шақырады. Бүгінгі күннің қандай тамаша екені, күн нұрын аямай төгіп тұрғаны, күн барлығына қуаныш әкелетіні – жапырақтар жайқалып, құстар сайрап, жан-жануар атаулы тіршілік қамына кірісіп, балалар көтеріңкі көңіл күйде болатыны жайлы әңгімелейді.

Балаларды ойын бұрышына шақырады.

– Ал біздің ойыншықтарымыздың күн сайын далаға шығып, күннің көзін көретін мүмкіндіктері жоқ. Олардың көңілдерін көтеріп, күзгі күн сәулесімен жылынуына көмектесеміз бе?

Сөздік жұмыс: күннің сәулесі.

Ойыншықтарға сыйлау үшін күннің сәулесін салуды балаларға ұсынады.

Педагог демонстрациялық материалдан күннің сәулесі салынбаған суретті көрсетеді.

Сурет салудың тәсілін түсіндіреді:

Саусағымызды сары түске батырып, күннің сәулесін қысқа сызықтармен саламыз.

Сергіту сәті.

Ал, балалар, тұрамыз,

Айналаны шоламыз.

Күн нұрындай жарқырап,

Жер бетіне қонамыз.

Алғаш дайын болған суретке педагог күннің күлімдеп тұрған бейнесін әдемілеп салады. Ол бейнеден қуаныштыобраз анық көрініп тұруы тиіс. Балаларға мынадай өтініш айтады.

– Ол сендерге риза болып, рақмет айтып тұр, сендер де күн сияқты күлімдеп, өздеріңнің көңіл күйлеріңді көрсетіңдер. Көңілділік әр баланың өзінен басталса қандай жақсы. Жұмыс соңынан қолдарын сулы шүберекпен сүртіп, тазалауын қадағалайды. Қиналған балаларға жеке бағыт-бағдар беріледі. Педагог ойыншықтардың атынан балаларға «рақмет» айтады. Енді бөлмеде үнемі көңілді болады деп ескертеді.

3. Рефлексия.

Педагог жұмыс соңынан балалардың еңбегін мадақтап, топтың жарық болып кеткенін, мұндай жарық жерде ойыншықтар көңілді болатынын айтады.

№ 6 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, коммуникация.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Жапырақтар түсуде.

Мақсаты: қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері: қылқаламмен таныстыру, сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіруді үйрету, қылқалам мен бояуды пайдаланып жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қолдың қимыл-қозғалысын дамыту, сұраққа жауап беруге үйретіп, ұқыпты жұмыс істей білуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне күзгі жапырақтардың суретін салуды, қылқаламмен күзгі жапырақтарды бейнелеуді;

түсінеді: күз құбылыстары туралы және қылқаламды дұрыс ұстауды;

қолданады: бояумен сурет салу дағдысын.

Қолданылатын көрнекі құралдар: № 6 «Жапырақтар түсуде» демонстрациялық материалдар, № 6 «Жапырақтар түсуде» үлестірмелі материалдар, қуыршақ Айсұлу, қызыл, жасыл түсті жапырақтар, үлкен және кіші екі себет, қызыл және сары түсті гуашь, қылқалам.

Сөздік жұмыс: себет.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

– Балалар, бүгін бізге қуыршақ Айсұлу қонаққа келіпті. Ол күзгі орманды аралап жапырақ жинап жүріп, қолындағы себетін бір жерге қойып кетіпті де, оны қайтадан таба алмай қалыпты.

Сөздік жұмыс: себет.

– Сендерден себеті жайлы сұрау үшін келіпті. Естеріңе түсіріндерші, себетті біз қайдан көрдік? (Егер балалар жауабын тауып айтпаса, педагог өзі айтады).

– Мынау ма?

Қуыршақ қуанып:

– Иә, осы, қандай жақсы болды, рақмет сендерге.

Қуыршақ:

– Балалар, мен сендерге сурет алып келдім. Жапырақтар түсіп жатқаны бейнеленген үлгі суретті көрсетеді.

2. Негізгі кезең.

Педагог баланың ойын дамыту үшін күз туралы Е. Өтетілеуұлының «Күз–жомарт» өлеңін оқиды.

Тоңазып атырап,

Бар жеміс піседі.

Сарғайып жапырақ,

Судырап түседі.

«Күз–жомарт» дейміз біз,

Жемісін жейміз біз.

Сурет салудың тәсілін түсіндіреді:

Үш саусағымызбен қылқаламды ұстап, қатты батырмай бояуға малу керек, артық бояуды стақан шетіне сүртіп қалдырамыз. Сүйкей жағу тәсілі арқылы жапырақты саламыз.

Сергіту сәті.

Ал қазір бәріміз бірігіп ойын ойнасақ қайтеді.

«Балабақша бағында» музыка әуені ойналады.

Педагог жұмыс барысында балаларға бағыт - бағдар беріледі.

Балалардың жұмыстарын Айсұлу аралап көреді. Аяқталған жұмыстарды педагог жинап алып тақтаға іледі. Айсұлу таңданып, балалардың жұмыстарына ризашылығын білдіріп, мадақтайды:

– Бәрің сурет салуды үйреніп алыпсыңдар, мен де енді сендерден сурет салуды үйренемін.

3. Рефлексия.

Педагог қорытынды жасайды, балалардың жасаған жұмыстарын мадақтайды.

№7 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, әлеумет.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Қызыл, сары жапырақтар.

Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері: сурет салудың дәстүрден тыс тәсілін үйрете отырып, балаларды алақанмен сурет салуда ұқыптылыққа, тазалық сақтай білуге тәрбиелеу. Саусақтың ұсақ моторикасын дамытып, алақанмен жапырақтың бейнесін салуды үйрету, негізгі түстер туралы білімдерін бекіту. Сұраққа жауап беруге үйретіп, табиғатқа қызығушылықтарын арттыру.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: жапырақтарды салуды, аналарымен бірлесе ойнай отырып, түстердің атауын;

түсінеді: күзде жапырақтардың түрлі-түсті болатынын және ағаштардан түсетінін;

қолданады: ересектердің көмегімен алақанмен ұқыпты жұмыс істеуді.

Қолданылатын көрнекі құралдар: № 7 «Қызыл, сары жапырақтар» үлестірмелі және демонстрациялық материалдар, балалардың санына сәйкес түсті қағаздардан жасалған сары, қызыл жапырақтар, қызыл, сары гуашь, ылғалды сүлгілер.

Сөздік жұмыс: қызыл, сары.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Педагог балаларға бүгін бірнеше ата-аналардың қонаққа келгендігі жайлы хабарлайды. Олардың балаларға арнап қызықты ойын ала келгендігі және алақан арқылы сурет салуға көмектесетіндерін айтады.

2. Негізгі кезең.

Педагог аналарының алып келген жапырақтарын көрсетеді.

– Мына жапырақтарға қараңдаршы, түстері қандай керемет. Балалардан олардың түстерін сұрайды.

Сөздік жұмыс: қызыл, сары.

– Мынау – сары, мынау – қызыл жапырақ. Кәнеки, бәріміз бірге қайталайықшы.

Балалармен бірге бірнеше рет қайталайды. Күз мезгілінде жапырақтар түсінің өзгеретінін түсіндіріп өтеді.

– Сендердің аналарың көңілдене соққан жел болады, сендер күзгі жапырақтар боласыңдар.

Балалар, жапырақтар қандай әдемі болып ұшып жатыр. Олар неткен көп. Бейне бір жерге әдемі кілем төсеп қойғандай.

- Ендеше осындай әдемі қызғыл, сары жапырақтардың суретін алақан арқылы салып көрейік. (Аналары балаларының жанындағы орындыққа отырады).

- Міне, мынау – сары, қызыл бояулар. Бір алақандарыңды сары бояуға батырып, таза қағаз бетіне бірнеше жапырақтардың бейнесін салыңдар. Енді

екінші алақандарыңды қызыл бояуға батырып, тағы да сол қағаздың бірнеше жеріне басып, жапырақтардың бейнесін жасаймыз. Біздің қағазымызда екі түсті жапырақтардың суреттері пайда болды. Демек, жапырақтың пішіні біздің алақанымызға ұқсайды екен.

Сурет салу тәсілі

Суретті алақанмен саламыз. Бір алақанымызды сары түске малу керек. Ол алақанды қағазға басамыз (бірнеше жапырақ салады). Екінші алақанды қызыл түске малып, оны да қағазға бастырамыз.

Сергіту сәті.

Жел соқты, жел соқты,
Ағаштар желмен шайқалды.
Жел соқты, жел соқты,
Жапырақ түскен байқалды.

(Ф.Жумабекова)

Балалар үлестірмелі материалды қарай отырып, сары және қызыл түстерге алақандарын малып, сонан кейін жапырақтардың суретін салып, жұмысқа кіріседі.

Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді, балаларға ұқыпты жұмыс жасау керектігін ескертеді. Аналары балаларымен бірге отырады. Жұмыс соңында балаларының қолын сулы сүлгіге сүртеді.

3. Рефлексия.

Педагог балалардың аналарының көмегімен алақан арқылы салған түрлі жапырақтар суреті жайлы әңгімелеп, мадақтап, көрме ұйымдастырады.

№8 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, әлеумет.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Түрлі түсті жіптер.

Мақсаты: фломастермен сурет салу дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері: фломастерді дұрыс пайдалана отырып ирек сызықтар сызуға үйрету; саусақтарының бұлшық еттерін дамыту, ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. Саусақтың ұсақ моторикасын дамытып, сұраққа жауап беруге үйрету.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: фломастерді пайдаланып сызықтарды дұрыс сыза білу дағдыларын;

түсінеді: түстерді таңдай білуді және оларды ауыстырып қолдануды;

қолданады: түстерді таңдап, үлгі бойынша ирек сызықтарды сызу әдісін.

Қолданылатын көрнекі құралдар: № 8 «Түрлі түсті жіптер» демонстрациялық материалдар, № 8 «Түрлі түсті жіптер» үлестірмелі материалдар, 3 түсті қызыл, жасыл, көк фломастерлер, баланың санына байланысты оралған (қызыл, жасыл, көк түсті) жіптер (иірілген), ылғалды

сүлгілер.

Сөздік жұмыс: жіп, фломастер.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Балалар, «Жіп әлемі» сендерге түрлі түсті әдемі жіптерін қонаққа жіберіпті. Қолындағы жіптерді балаларға таратып береді.

Қандай жұмсақ, түстері қандай әдемі.

Жіпті ұстап көріңдер. Нені сездіңдер?

Балалар өздерінің не сезінгендерін айтып беруге тырысады.

Педагог жетекші сұрақтар қойып отырады.

Осы жіптерден үстеріңе киетін киімдерді, тұрмыстық заттарды тоқиды. Киімдер және тұрмыстық заттарды суреттен көрсетеді.

Сөздік жұмыс: жіп, фломастер.

Педагог балаларға сурет салғанда фломастерді қолданатындарын ескертеді. Фломастермен қағазға сызықтар салып көрсетеді.

Фломастерді де үш саусақпен ұстау керектігін және сурет салу кезінде қатты батыруға болмайтынын түсіндіреді.

Демонстрациялық материалды көрсетіп, сурет салудың тәсілін түсіндіреді.

Жіп шумағынан бастап солдан оңға қарай тура және ирек сызықтармен жіптің суретін саламыз.

Сергіту сәті:

Кәне, жіпті орайық,

Енді шешіп көрейік.

Қайта орап жіптерді,

Тағы шешіп көрейік.

(Ф.Жұмабекова)

Балалар алдымен саусақтарымен ауада салғызып, сонан кейін үлгіге қарап жұмысты бастайды. Жұмыс барысында балалардың өз алдына жеке әрекеті мен белсенділігіне қолдау көрсетіледі.

«Жіп әлемінен» келген жіптер балаларға алғысын айтып қоштасады.

3. Рефлексия.

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Балалардың салған суреттерінен көрме ұйымдастырылады.

№9 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, коммуникация.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Әжемнің жіп шумақтары.

Мақсаты: фломастермен сурет салу дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері: балаларды түрлі түсті фломастерлермен жіп орамының суретін салуға, фломастерді қатты қыспай, қағаздың ортасынан бір нүктені белгілеп, сол жағынан жоғарыдан бастап, қолды үзбей дөңгелетіп салуды үйрету, балалардың қол қимылдарының қозғалысын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: түстердің атауын және жіп орамының суретін қағаз бетіне бір нүктеден бастап қолын үзбей салуды;

түсінеді: ересектерді құрмет көрсету керектігін, жіптердің түрлі түсті болатындығын, фломастерді дұрыс ұстауды;

қолданады: іс-әрекет барысында қалыптасқан дағдыларын.

Қолданылатын көрнекі құралдар: № 9 «Әжемнің жіп шумақтары» демонстрациялық материалдар, № 9 «Әжемнің жіп шумақтары» үлестірмелі материалдар, баланың санына байланысты себетке салынған жіп шумақтары (иірілген), фломастерлер, қуыршақ Айсұлу.

Сөздік жұмыс: нүкте, орам.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Айсұлудың үйдегі мысығы ойнап жүріп әжесінің жіп шумақтарын тарқатып тастапты. Айсұлу сендерден сол жіп шумақтарын орауға көмек сұрай келіпті. Педагог өткенде әдемі жіптердің суретін салғандарын балалардың есіне салып өтеді. Себеттегі жіптерді балаларға таратып береді.

Алдарыңда тұрған жіптерді орап, Айсұлудың әжесіне көмектесулеріңе болады.

Сөздік жұмыс: нүкте, орам.

«Жіп орамы» ойыны. Ойынның шарты: балаларға себеттегі тарқатылған жіптерді беріп орату. Жіпті орап болған балалар жіптің түсін атап, себетке салады.

–Балалар, енді әжей сендердің ақылды, епті екендеріңді білетін болды.

2. Негізгі кезеңі

Педагог балаларға демонстрациялық материалдағы көңілсіз мысықты көрсетіп, оның ойнағысы келетінін айтады. Мысыққа арнап жіп шумағының суретін салуды ұсынады.

Сурет салу тәсілі.

Педагог балаларға қағаздың сол жағынан, жоғарыдан бастап ортасынан бір нүктені белгілеп, қолды үзбей дөңгелетіп, жіп орамын салу керектігін көрсете отырып, үлгіге қарап бірнеше жіп орамдарын салып, балаларға да осылай салуды ұсынады.

Сергіту сәті.

Бір дегенде орнымыздан тұрайық,
Қолымызға жіпті ұстап алайық,
Екі-үш рет жібімізді орайық,
Қайта барып орнымызды табайық.

– Балалар, сендер Айсұлудың әжесіне жіптерін орап бердіңдер, Айсұлу сендердің суретті де жақсы салатындарыңды біледі, енді жіп орамының суретін салып берулеріңді сұрайды. Ол үшін ауада бірнеше рет жаттығу жасап көрейік. Фломастерді алып, бір нүктеден бастап қолды үзбей сызық сызуға жаттығады.

Педагог қиналған балаларға көмек көрсетіліп, бағыт-бағдар береді. Айсұлу балалардың жұмысын мадақтап, әжесі мен өзінің атынан алғысын білдіріп, себеттегі жібін әжесіне алып баратынын айтып қоштасады.

2. Рефлексия.

Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. Балалардың жұмысынан көрме ұйымдастырады.

№ 10 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, әлеумет.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Балықтар жүзеді.

Мақсаты: қылқаламмен және бояулармен сурет салу дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері: езілген бояумен қағаз бетін толық бояуға үйрету, қылқаламмен жұмыс істеу дағдыларын дамыту, балалардың бояумен жұмыс істеуге деген қызығушылығын және өз жұмысына деген қуаныш сезімін ояту. Сұраққа жауап беруге, ұқыптылыққа үйрету.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: судың бейнесін бояумен көлденеңнен салу әдісін;

түсінеді: үй жағдайында балықтар аквариумда өмір сүретінін, олардың сусыз өмір сүре алмайтынын;

қолданады: бояумен сурет салу дағдыларын.

Қолданылатын көрнекі құралдар: № 10 «Балықтар жүзеді» демонстрациялық материалдар, № 8 «Балықтар жүзеді» үлестірмелі материалдар, көк түсті бояу, қылқалам, сүлгілер және су құйылған ыдыс.

Сөздік жұмыс: аквариум.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Педагог балаларға қағаз бетіне салынған балықтың суретін көрсетеді.

Балаларға келесі жұмбақтың шешуін табуды ұсынады:

Қызыл түсті,

Мөлдір сулы.

Сары түсті,

Тасты, құмды.

Жасыл түсті балықтар,

Әйнек үйде қалықтар. (Аквариум)

Ол не, балалар?

Сөздік жұмыс: аквариум.

Өлең сөзінің мағынасын түсіндіріп, педагог өзі шешуін айтады.

2. Негізгі кезеңі

Педагог балаларды табиғат бұрышындағы аквариумның қасына шақырып, аквариумнан не көріп тұрғанын сұрайды. Балалар сұраққа жауап беріп, балықтарды атайды.

Демонстрациялық материалдағы суы жоқ аквариумды көрсетеді. Суы жоқ аквариум ішінде балықтардың тіршілік ете алмайтынын түсіндіріп, аквариум ішіне судың суретін салуды ұсынады.

Педагог бояудың тәсілін түсіндіреді.

Қылқаламды темір жолағынан жоғары жағынан үш саусағымен ұстайды. Қылқаламды бояуға малып, қағазға жағады. Бұдан кейін қағаздың бетіне қылқаламдағы бояумен ұқыпты бояйды.

Сергіту сәті.

Өзенге біз барайық,
Балық аулап алайық.
Ұстап алған балықты,
Аквариумға салайық.

(Ф. Жумабекова)

Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог қиналған балалардың қолдарынан ұстап бояуға көмектеседі. Аквариумды бояу барысында балалардың балықтарға бояуды тиігізбей, ұқыпты бояуы қадағаланады.

Балалар, сендердің аквариумдарың өте әдемі болып, керемет жақсы шықты. Кімге сыйлағыларың келеді? Балалар ойланады.

3. Рефлексия.

Педагог қорытынды жасайды. Балалардың жұмыстарын талқылап, аквариумдағы балықтардың көңілдері көтерілгенін айтады.

№ 11 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, коммуникация.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Жол бойымен домалаған бауырсақ.

Мақсаты: қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері: қылқаламмен сурет салу дағдыларын дамыту, оңнан солға қарай түзу сызықтар сызуды жалғастыру, қылқаламмен жұмыс істеу дағдыларын бекіту, саусақтың ұсақ моторикасын дамыту, ұқыпты жұмыс істеуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: таныс ертегіні мазмұндауды, жолдың суретін салуды;

түсінеді: көмек сұраған кезде көмектесу керек екенін, қылқаламды дұрыс ұстауды;

қолданады: қағаз бетіне солдан оңға қарай сызықтар сызуды.

Қолданылатын көрнекі құралдар: № 11 «Жол бойымен домалаған Бауырсақ» демонстрациялық материалдар, № 11 «Жол бойымен домалаған бауырсақ» үлестірмелі материалдар, фланелеграф, «Бауырсақ» ертегісінің кейіпкерлері, жасыл түсті гуашь, сүлгілер.

Сөздік жұмыс: домалайды.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Педагог балалардың есіне «Бауырсақ» ертегісін түсіреді.

– Атай мен әжей ұннан қамыр илеп, одан домалақ бауырсақ пісіріп, терезенің алдына қойған кезде, ол домалап кетеді.

Түзу жолмен домалап келе жатқанда аюға, қасқырға, қоянға жолығады, ең соңында түлкіге кездеседі. Түлкі оны аяп, атай мен әжейге алып барады. Ертегі кейіпкерлерін фланелеграфқа қою арқылы естеріне түсіреді.

2. Негізгі кезең.

Педагог демонстрациялық материалды көрсетеді:

Суретте бауырсақтың үйіне дейін домалап баратын жолы жоқ.

Сөздік жұмыс: домалайды.

Қазір сендерге жолды қалай салу керектігін түсіндірейін. Темірден жоғары бөлігінен үш саусағымызбен ұстап, бояуға малу керек. Бояудың артығын стакан шетіне сүртіп қалдырамыз. Солдан оңға қарай сызықтар саламыз.

Сергіту сәті.

Балалар музыка әуенімен қолдарын алға созып, бауырсақтың домалаған бейнесін көрсетеді.

Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог түзу сызық сызу қолынан келмей отырғандарға көмектеседі. Балаларға салған суреттері бойынша әңгімелетеді. Міне, осындай әдемі түзу жолмен бауырсақ ойыншықтарға аман-есен, адаспай жететін болды.

3. Рефлексия.

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Балалардың салған суреттерінен көрме ұйымдастырады.

№ 12 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, әлеумет.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Әуе шарлары.

Мақсаты: әртүрлі сызықтардың көмегімен сурет құрастыру дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері: қарындашты үш саусағымен дұрыс ұстай отырып, ирек сызықтар салу дағдысын бекіту, саусақ икемділіктерін, бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтарын арттыру, балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: көмектесу керек екенін, пішіндерді және түстерді атауды;

түсінеді: шарды жіппен байлауды, сызықтардың ирек және түзу болатындығын;

қолданады: қарындашпен ирек және түзу сызықтар сызу әдісін.

Қолданылатын көрнекі құралдар: № 12 «Әуе шарлары» демонстрациялық материалдар, № 12 «Әуе шарлары» үлестірмелі материалдар, түрлі-түсті қарындаштар, ойыншық қоян.

Сөздік жұмыс: әуе шарлары.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Ойын сәті

– Балалар, мен сендерге асығып келе жатып жолда көңілсіз тұрған қоянды көрдім. Педагог осыны айтып жатқанда қоян кіріп келеді.

Қоян өте көңілсіз екен.

Қоян достарына бара жатып жібі жоқ шарларын қатты желдің ұшырып кеткенін айтады.

Сөздік жұмыс: әуе шарлары.

Педагог балаларға қоянға көмектесу керектігін сұрайды.

2. Негізгі кезең.

Педагог шарлар салынған демонстрациялық материалды көрсетеді: Шарлардың түсіне сәйкес ұстайтын жіптерін салу керек.

Балалардан сұрайды.

Шарлар қандай түсті?

Шар қызыл түсті болса, оның жібі қызыл түсті болу керектігін түсіндіреді. Түзу және ирек сызықтарды қалай салуды түсіндіреді.

Сергіту сәті.

Ұзын құлақ сұр қоян,

Естіп қалды сыбдырды.

Ойлы-қырлы жерлермен,

Ытқып, ытқып секірді.

(Өлең жолдарын қимылмен қайталайды).

Балалар жұмысқа кіріседі. Балалардан қандай түсті қарындашты пайдаланғандарын және шарларының қандай түсті екенін сұрау. Балалар салған суреттерін қоянға көрсетеді. Қоян балалардың салып берген суреттері өте әдемі екенін айтып, алғысын білдіріп қоштасады.

3. Рефлексия.

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

№ 13 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, әлеумет.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Жапалақтап қар жауды.

Мақсаты: сурет салудың дәстүрден тыс тәсілімен сурет салу дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері: саусақ арқылы қардың бейнесін салуды үйрету, саусақтарының бұлшық еттерін дамыту, бояумен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: жауып жатқан қардың сурет салуды;

түсінеді: қыс мезгілінің ерекшеліктерін, қардың жапалақтап жауатынын, қардың бұлттан пайда болатынын;

қолданады: қағаз бетіне сурет салуда кеңістікті бағдарлай отырып, саусақты бояуға батыру әдісін.

Қолданылатын көрнекі құралдар: № 13 «Жапалақтап қар жауды» демонстрациялық материалдар, № 13 «Жапалақтап қар жауды» үлестірмелі материалдар, ақ түсті гуашь, су, дымқыл сүлгілер, ойыншық қонжық, балалардың санына сәйкес мақтадан жасалған қарлар.

Сөздік жұмыс: жапалақтап.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

– Балалар, қараңдаршы, бір ғажайыптың күшімен біз қысқы орманда саяхатта жүргендейміз. Орман қандай әдемі күйге енген, ағаштардың бәрін қар басып, жердегі ақ ұлпа қар күн сәулесіне шағылысады.

Сөздік жұмыс: жапалақтап.

2. Негізгі кезең.

Педагог балаларға аяқталмай қалған бұлттар салынған демонстрациялық материалды көрсетеді.

Қардың бұлттан пайда болатынын түсіндіреді.

Сурет салудың тәсілі

Сұқ саусақтарын бояуға қалай малу керек екенін көрсетіп, қағазға нүктелеп қар салуды үйретеді.

Сергіту сәті.

Ұзын құлақ сұр қоян,

Естіп қалды сыбырды.

Ойлы-қырлы жерлермен,

Ытқып, ытқып секірді.

(Өлең жолдарын қимылмен қайталайды).

Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Балаларға алдарындағы көк парақтың бетін толығымен пайдалану керектігін және жұмыс соңынан балалар қолдарын жуып тазалауы керектігін ескертеді.

3. Рефлексия.

Педагог қорытынды жасайды. Салған суреттерінен көрме ұйымдастырады.

Педагог осы салған суреттерін қысқы ұйқыға кететін жануарларға сыйлайтынын айтып, жұмыстарын жинап алады да, ойын ұйымдастырады. «Кім алысқа лақтырады?» ойыны.

Шарты: Мақтадан жасалған қарларды лақтырып, қағып алып ойнайды. Педагог кімнің алысқа лақтырғанын бақылап тұрып, ойын қорытындысын шығарады.

№ 14 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, әлеумет.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Ақ ұлпа қарлар.

Мақсаты: қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері: жауып тұрған ұлпа қардың бейнесін салуға үйрету, бояуды сүйкей жағу тәсілі арқылы жіңішке сызықтар түсіре отырып, сурет салу іскерліктерін дамыту, табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: сұраққа жауап беруді және сүйкей жағу арқылы қардың суретін салуды.

түсінеді: қардың аппақ, мамықтай ұлпа екенін, қар әртүрлі ою-өрнектерге ұқсайтынын және жапалақтап жауатынын, қылқаламды дұрыс ұстауды.

қолданады: қардың бейнесін салғанда сүйкей салу әдісін.

Қолданылатын көрнекі құралдар: № 14 «Ақ ұлпа қарлар» демонстрациялық материалдар, № 14 «Ақ ұлпа қарлар» үлестірмелі материалдар, жіңішке қылқалам, ақ түсті гуашь, су, дымқыл сүлгілер, қысқы орманның суреті.

Сөздік жұмыс: ұлпа, ұлпілдек.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Ойын барысы:

Балаларды қысқы орманға серуенге шақырады. Орманға пойызбен баратындарын айтады. Педагог балалардың алдына поровоз болып, балалар бір-бірінің артына вагон болып қатарға тұрады. Балалар дауыстап пойыздың қозғалысын келтіреді.

Қысқы орманның көрінісіне көңіл аударады;

– Балалар, біз қысқы орманға келдік. Орман қандай түске боялған? Барлық орманды қар басқан, қар жұп-жұмсақ, ұлпілдек, жылт-жылт етеді. Ол қандай түсті екен? Қар қайда жатыр?

Педагог балаларға топқа қайтып барып, ақ қардың суретін салуларын өтінеді.

2. Негізгі кезең.

Қарды тағы қандай деп айтуға болады?

Сөздік жұмыс: ұлпа, үлпілдек.

Педагог демонстрациялық материалдан аяқталмаған бұлттың суретін толықтыру керектігін ұсынады.

Сурет салу тәсілі.

Қылқаламды үш саусақпен қысып ұстап, ақ түсті бояуға батырамыз, артық бояуды стақан шетіне сүртіп, бояуды ақ парақ бетіне сүйкеп жағамыз.

Жұмыс соңында қылқаламды суға жуып, қағаз сүлгіге сүртіп, кептіреміз.

Сергіту сәті.

Аппақ, аппақ дала,

Аппақ ауыл, қала.

Жапалақтап ақша қар,

Жауа берсін, жауа берсін.

Педагог балалардың назарын үлестірмелі материалға аударады.

Балалардың қағаздың бетін толық пайдалануларын қадағалап, қылқаламды дұрыс ұстауларын ескертіп, ұқыпты жұмыс жасауларын өтінеді. Алдымен суретті ауада салып үйренеді. Жұмыс соңынан қылқаламдарын тазалауды ұсынады. Педагог балалармен жеке жұмыс жүргізеді.

3. Рефлексия.

Педагог балалардан қайда болып, не көргендері туралы сұрайды. Жасаған жұмыстарын қорытындылап, балаларды мадақтайды.

Көрме ұйымдастырады.

№ 15 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, әлеумет.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Шыршаның шамдарын жағамыз.

Мақсаты: қолжетімді материалдармен сурет салуға үйрету.

Міндеттері: қолжетімді материал-таяқшаға оралған мақтаны пайдаланып сурет салуға үйрету, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, әсемдікті сезіне білуге, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: сұхбаттасуға араласуды, шыршаға шардың суретін салуды;

түсінеді: поролонмен басып салуды, Жаңа жыл мерекесіне шыршаны ойыншықтармен безендіруге болатындығын;

қолданады: сурет салғанда қолжетімді материалмен салу әдісін.

Қолданылатын көрнекі құралдар: № 15 «Шыршаның шамдарын жағамыз» демонстрациялық материалдар, № 15 «Шыршаның шамдарын жағамыз» үлестірмелі материалдар, түсті бояулар, поролоннан дайындалған таяқшалар, су құйылған ыдыс, аққаланың суреті, балалардың санына сәйкес мақтадан жасалған қарлар.

Сөздік жұмыс: жарқыраған.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

– Балалар, сендерге Жаңа жыл мерекесіндегі шырша ұнады ма? Ал ойыншықтар ұнады ма? Міне, сол сендерге ұнаған ойыншықтар ойын бұрышында Жаңа жыл мерекесін өткіземіз деп шешіпті. Аққала орманда жүріп, Жаңа жыл мерекесіне кешігіп қалыпты. Педагог балаларды аққалаға көмектесуге шақырады.

2. Негізгі кезең.

Педагог балалардан қандай жаңа жыл ойыншықтарын жақсы көретінін сұрайды.

Балалар өздерінің жақсы көретін жаңажылдық ойыншықтарын айтады.

Сөздік жұмыс: жарқыраған.

Педагог балаларға демонстрациялық материалды көрсетеді:

алдарыңда жарқыраған әдемі шырша тұр. Сол шыршаға әсем ойыншықтар іліп безендірейік.

Сурет салу тәсілі

Таяқшаға оралған мақтаны пайдаланып сурет салатын боламыз. Таяқшаны үш саусағымызбен ұстап, бояуға малу керек

Сергіту сәті.

Тамаша, тамаша!

Шыршамыз тұр жараса.

Басында әсем жұлдызы,

Көз тоймайды қараса.

Балалар жұмысқа кіріседі. Өздеріне ұнаған бояу түрлерін таңдайды.

Оқу қызметі барысында қиналған балаларға бағыт-бағдар беріп отыру, балалардан қандай ойыншық салып отырғанын сұрау қажет. Жұмыс соңында суреттерін жинап алып, Аққалаға беріп жібереді.

3. Рефлексия.

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

№16 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, коммуникация.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Қардағы іздер.

Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларны қалыптастыру.

Міндеттері: қағазға қылқаламмен дақ түсіре білуді үйрету, бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, жануарлардың қимыл-қозғалысын және іздерін қарға түсіріп жаттығу, табиғаттың әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: сұраққа жауап беруді, қардағы іздердің суретін салуды;

түсінеді: қарда іздердің қалатынын, қылқаламды дұрыс ұстауды;

қолданады: бояуға батыру арқылы қағаз бетіне із қалдыру әдісін.

Қолданылатын көрнекі құралдар: № 16 «Қардағы іздер» демонстрациялық материалдар, № 16 «Қардағы іздер» үлестірмелі материалдар, көк, қоңыр түсті бояу (гуашь), қылқаламдар, жануарлардың және қыстап қалатын құстардың өмірі туралы суреттер, қоян ойыншығы.

Сөздік жұмыс: іздер.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Педагог серуен кезінде қардағы адамдардың, ит-құстардың іздерін көріп бақылағандарын және өздері де қарға із түсіріп көргендерін еске түсіреді. Аюдың қорбандап жүретінін, қоянның секіріп жүретінін, құстардың жем шоқып жегенін әңгімелейді.

Сөздік жұмыс: іздер.

2. Негізгі кезең.

Педагог демонстрациялық материалды көрсетеді.

Сурет салу тәсілі

Педагог қылқаламды үш саусақпен ұстап, қылқаламды бояуға батырып, оның ұшын ғана қағазға тигізу арқылы қоянның ізін қалай салуға болатынын, қағаз бетіне сүйкеп түсірудің жолдарын көрсетеді.

Қоян секіріп-секіріп жүретіндіктен, арасын алшақ немесе жақын да орналастыруға болады. Жұмыс соңында қылқаламды жуып, қағаз сүлгіге сүртіп, кептіреміз.

Сергіту сәті.

– Балалар, енді музыка әуенімен аңдардың қимыл-қозғалысын қайталап көрейікші.

Енді орнымызға отырып, қылқаламның ұшын қатты баспай, кішкене-кішкене сүйкеп түсіре отырып қоянның ізін саламыз. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

3. Рефлексия.

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

№ 17 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, әлеумет.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Сүңгі мұздар.

Мақсаты: қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру;

Міндеттері: тік сызықтармен сүңгі мұздар салуға үйрету, үзік сызық сала отырып, кеңістікті бағдарлай білуге үйрету, баланың қиялын дамыту, табиғаттың ерекшелігін сезіне білуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: тамшы мен сүңгінің суретін;

түсінеді: қардың жылудан еритінін, сүңгілердің қалай пайда болатынын және еритінін;

қолданады: жоғарыдан төмен үзік сызықпен сүйкеп салу әдісін.

Қолданылатын көрнекі құралдар: № 17 «Сүңгі мұздар» демонстрациялық материалдар, № 17 «Сүңгі мұздар» үлестірмелі материалдар, сүңгі мұздардың суреті, қызыл түсті бояу, қылқаламдар, сүлгілер.

Сөздік жұмыс: сүңгі мұздар.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Педагог балаларды ертеңгілік шаттық шеңберіне тұрғызады.

Балалар дөңгеленіп тұрғанда неге ұқсайтындарын және күннің қандай пайдасы бар екенін сұрай отырып, бір-біріне жылы тілектер айтқызады. Педагог қыстың ашық күндері күн сәулесімен үйлердің төбелеріндегі қар еріп, содан кешке қарай күн қайта суытқанда мұз сүңгілері пайда болатынын, балаларға терезеден қарап көруге болатынын айтады.

Сөздік жұмыс: сүңгі мұздар.

Балаларға бәрі бірге «Мұз әлеміне» саяхатқа барып, су тамшылары суретін қылқаламның көмегімен салатынын түсіндіреді.

2. Негізгі кезең.

Педагог балаларға демонстрациялық материалдан үй шатырындағы күн сәулесінен жылтылдап жатқан қарды көрсетеді.

Тамшы мен сүңгі мұздың суретін салу тәсілі

Қылқаламды темірінен жоғары жағынан үш саусақпен ұстап, оны бояуға малу керек. Қылқаламдағы артық бояуды стақан шетіне сүртіп қалдырамыз.

Сүңгі мұздар шатырдан төменге қарай орналасқандықтан сызықты жоғарыдан төмен қарай саламыз. Ол сызықтан тамшылар тамып тұрады. Тамшыларды сүйкеу әдісі арқылы саламыз. Жұмыс соңында қылқаламды жуып, кептіреміз.

Саусақ ойыны

Қарға толды алақанымыз,

Тамшылап тез-тез ағады.

Бір сағат та болмады,

Жоғалып кетті қарымыз.

Педагог үлестірмелі материалдағы суретке назар аударып, сурет салу тәсілін еске түсіреді. Педагог балаларға ауада тамшы мен сүңгінің суретін салуды өтінеді. Балалармен жеке жұмыс жүргізеді.

3. Рефлексия.

Педагог балалардың жұмысын қорытындылап, мадақтайды. Балалар салған суреттерден көрме ұйымдастырады.

Балалардың жасаған жұмыстарына ризашылық білдірген күншуағы қуанып өлең оқиды:

Күн аспанда серуендеп,

Жылуымен жерді жылытты.

Қар жамылған жер бетін,

Сүңгілерге айналдырды.

№18 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, коммуникация.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Мұржадан түтін будақтайды.

Мақсаты: қарындашпен сурет салу дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері: қарындашпен сурет салу дағдыларын бекіту, қыс мезгілі ерекшелігін түсіндіру; қарындашпен үзбей ирек сызықтар салу дағдыларын қалыптастыру, саусақтарының қимыл-қозғалыстарын және икемділігін дамыту, әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу, сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: сұраққа жауап беруді, мұржадан шыққан түтіннің суретін салуды;

түсінеді: үйде пештің қажеттілігін және түтіннің мұржадан будақтап шығатынын;

қолданады: қарындашпен ирек сызық салу әдісін.

Қолданылатын көрнекі құралдар: № 18 «Мұржадан түтін будақтайды» демонстрациялық материалдар, № 18 «Мұржадан түтін будақтайды» үлестірмелі материалдар, түрлі-түсті қарындаштар, ойыншық қоян, үйден түтін шыққан сурет, сүлгілер.

Сөздік жұмыс: түтін, мұржа.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

– Балалар, қыс мезгілінде ауылға бардыңдар ма? Ауылда не байқадыңдар?

– Сендер қандай үйде тұрасыңдар? Ал ауылдағылар ше?

Педагог ауылда және жер үйде тұратын адамдар қыс мезгілінде пеш жағып, үйді жылытатыны туралы әңгімелейді.

– Қаладағы үлкен өндіріс орындарындағы трубадан түтін шығып жатқанын көргендерің бар ма?

Сөздік жұмыс: түтін, мұржа.

Мұндай сұрақтарға жауап беру үшін алдын ала бақылау жұмыстарын жасатады.

2. Негізгі кезең.

Педагог балаларға демонстрациялық материалдағы үйдің суретін көрсетіп сұрайды:

– Үй неше бөліктен тұрады?

Суреттегі үй төбесіндегі мұржадан түтін шығып тұрған жоқ. Себебі ол үйде от жанып жатқан жоқ, ал үйдегі пеште от жанғанда ғана түтін будақтап шығады. Қазір түтіннің мұржадан қалай шығатынын көрейік.

Сурет салу тәсілін түсіндіреді: «Қарындашты үш саусағымен ұстап, қатты бастырмай, мұржаның үстіне ирек сызықтармен түтіннің суретін саламыз».

Сергіту сәті.

Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?»

Шарты: Қар күреу үшін не керек?

Сырғанақ тебу үшін не керек? т.б.

Балалар жұмысқа кіріседі. Алдарындағы суреттегі үйдің мұржасынан шыққан түтінді салады. Ұзын, қысқа бірнеше ирек сызықтар салуға болады. Балаларға бағыт-бағдар беріледі.

Педагог балаларға «түтін», «мұржа» сөздерін бірнеше рет қайталатып айтқызады.

3.Рефлексия.

Педагог қорытынды жасайды. Ойыншықтардың атынан балаларға ризашылығын білдіреді, барлығының да суретті жақсы салғандарын айтады.

№19 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары:шығармашылық, әлеумет.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы:Мұз айдынындағы іздер.

Мақсаты:бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері: ирек сызықтар сызу дағдыларын қалыптастыру, қылқаламды дұрыс ұстай отырып, берілген фонның үстінен коньки ізін ирек сызықтар сызу арқылы көрсетугеүйрету, табиғаттың әсемдігін түсіне білуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: сұрақтарға жауап беруді,өрнектерді түзу және ирек сызықтармен салуды;

түсінеді:конькимен сырғанағанда мұз бетінде іздер қалатынын және қылқаламмен сурет салу ережесін қолдануды;

қолданады:қылқаламмен түзу және ирек сызықтар салуды.

Қолданылатын көрнекі құралдар: № 19 «Мұз айдынындағы іздер» демонстрациялық материалдар, № 19 «Мұз айдынындағы іздер» үлестірмелі материалдар, көк түсті бояу, су құйылған ыдыс, қуыршақ Әсел, мұз айдынының суреті, сүлгілер.

Сөздік жұмыс: мұз айдыны.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Педагог балаларға мұз айдыны бейнеленген суретті көрсетіп, мұз айдыны не үшін керек екендігі туралы әңгімелейді.

– Сендер ата-аналарыңмен бірге мұз айдынына барып, конькимен сырғанағанда мұзда қандай із қалғанын көрдіңдер ме? Мұз айдынында конькимен сырғанағанда әртүрлі өрнектер, яғни іздер қалатынын айтады.

Сөздік жұмыс: мұз айдыны.

2. Негізгі кезең.

Сендердің ойыншықтарың мұз айдынына бара алмайды. Бірақ олар сендердің мұз айдынында коньки тепкендеріңді көргісі келеді. Ендеше біз ойыншықтарға өзіміздің тепкен конькиіміздің іздерін салып берейік.

Педагог балаларға демонстрациялық материалды көрсетеді.

Сурет салудың тәсілі

Қылқаламды үш саусақпен ұстап бояуға малу керек, артық бояуды стақан шетіне сүртіп қалдырамыз. Қылқаламды қатты басуға болмайды, қағазға тек қылқаламның ұшымен саламыз.

Жұмыс соңында қылқаламды жуып, сүлгіге сүртіп, кептіреміз.

Сергіту сәті.

Қылқаламды қояйық,
Орнымыздан тұрайық.
Қолымызды созайық,
Оңға қарай иіліп,
Солға қарай иіліп,
Біз тынығып алайық.

Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Балалардың жіңішке қылқаламды дұрыс пайдалануын қадағалайды. Осындай іздерді салған кезде қылқаламды баспай, ұшымен сүйкей жағу керек екенін естеріне түсіреді. Ұқыпты жұмыс істеулері қадағаланады.

3. Рефлексия.

Педагог қорытынды жасайды. Ойыншықтардың атынан алғысын білдіреді.

№ 20 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, әлеумет.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Маймақ аю маң-маң басады.

Мақсаты: қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастырады;

Міндеттері: аюдың ізін қылқаламмен үлкен және кіші дақ түсіру арқылы салуға үйрету, жұмыс барысында балалардың өз алдына жеке дербес әрекет етуі мен белсенділігін дамыту, қыс мезгілінде аңдарға, жан-жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: аюдың қимыл қозғалысын, дауысын келтіруді және іздерін салуды;

түсінеді: аюдың орманда тұратынын, қылқаламмен із түсіре білуді;

қолданады: үлкен бөліктерді қылқаламмен ал кішкене бөліктерді қылқаламның ұшымен салуды.

Қолданылатын көрнекі құралдар: № 20 «Маймақ аю маң-маң басады» демонстрациялық материалдар, № 20 «Маймақ аю маң-маң басады» үлестірмелі материалдар, қылқалам, бояулар, су құйылған ыдыс, ойыншық аю, сүлгілер.

Алдын-ала жүргізілетін жұмыс: жануарлардың қысқы өмірі туралы әңгімелесу.

Сөздік жұмыс: маң-маң басады.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Тосын сый:

Педагог жұмбақ жасырып, балаларға қонаққа кім келгенін табуды өтінеді.

Өзіне болған қорған орман,

Ішінде бар бір аң қорбаң-қорбаң.

Ол не екен, балалар?

(Аю.)

Қонаққа аю келіп, басқан ізін қарлы боран соғып, басып тастағандықтан, өз үйін таба алмай жүргенін айтады. Балалардан көмек сұрайды.

Педагог балаларға аюдың ізінің суретін салып, оның үйіне баруына көмектесуін өтінеді.

2. Негізгі кезең.

Педагог демонстрациялық материалды көрсетіп, балалардан аюдың түсін, дене бөліктерін атап берулерін сұрайды;

- Аю қандай?

- Аю қалай жүреді?

- Аю қалай дыбыстайды?

Сөздік жұмыс: маң-маң басады.

Іздің суретін салудың тәсілдерін түсіндіреді.

Қылқаламды бояуға малу керек, артық бояуды стақан шетіне сүртіп қалдырып, қағаз бетіне сүйкеу әдісі арқылы жағамыз. Үлкен бөліктерді қылқаламмен толық саламыз, ал кішкене бөліктерді қылқаламның ұшымен саламыз. Кішкентай бөліктерді салған кезде қылқаламды қатты баспау керек. Қылқаламды жуып, құрғатуды ұмытпаңдар.

Сергіту сәті.

Маймаң басқан аю

Орманда келеді.

Жаңғақтарын жинап,

Қалтасын толтырды.

Маңдайына тарс етіп

Бір жаңғақ құлады.

Селк ете түскен аю

Топ-топ басып жүгірді.

Балалар үлестірмелі материалдағы суреттерге көңіл аударады. Педагогтің түсіндіруі бойынша, сурет салудың тәсілдерін естеріне сақтап, қылқаламды дұрыс ұстайды. Педагог балаларға аюдың ізін алдымен ауада салуды үйретеді. Балалармен жеке жұмыс жүргізеді.

3. Рефлексия.

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Балалардың суреттерінен көрме ұйымдастырады. Аю балалардың салған суреттеріне ризашылықтарын білдіріп, үйіне тез жете алатындығына қуанышын білдіреді. Балалармен қоштасады.

№21 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, әлеумет.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Мәшиненің дөңгелектері.

Мақсаты: қолжетімді материалдармен және қылқаламмен сурет салу дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері: мәшиненің дөңгелегін тығын арқылы салуға үйрету, жұмыс барысында балалардың өз алдына жеке әрекет көрсетуі мен белсенділігін дамыту, ойыншықтарды күтіп ұстауға, ұқыпты ойнауға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: мәшиненің түрлерін, бөліктерінің атауларын және тығын арқылы дөңгелекті салуға болатынын;

түсінеді: мәшиненің қажеттілігін, тығынды бояуға батыру арқылы қағаз бетіне дөңгелек пішін салуға болатынын;

қолданады: тығынның көмегімен дөңгелектің суретін салуды.

Алдын ала жүргізілетін жұмыс: көліктер туралы әңгімелесу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: № 21 «Мәшиненің дөңгелектері» демонстрациялық материалдар, № 21 «Мәшиненің дөңгелектері» үлестірмелі материалдар, қара түсті бояулар, су құйылған ыдыс, тығын, мәшиненің суреті салынған сурет, дымқыл сүлгілер.

Сөздік жұмыс: тығын, дөңгелектер.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Педагог топтағы ойыншықтардың мәшинелерінің дөңгелегі жарылып, орманға саяхатқа бара алмай дауласып отырғандарын естігенін балаларға жеткізеді.

– Балалар, ойыншықтарға көмектесеміз бе?

2. Негізгі кезең.

Педагог балаларға демонстрациялық материалды көрсетіп, суреттен не көріп тұрғандарын сұрайды.

– Мәшиненің түсі қандай? Мәшине неше бөліктен тұрады?

Неше дөңгелегі бар? Пішіні неге ұқсайды?

Сөздік жұмыс: тығын, дөңгелектер.

Педагог бүгін сурет салудың жаңа тәсілі тығын арқылы бастырып салатындарын айтады.

Тығын арқылы бастырып сурет салудың жаңа тәсілін түсіндіреді:

Алдымен тығынды қолдарыңа алыңдар, оны алдарыңда тұрған қара бояуға ұқыпты бастырып, бірінші алдыңғы дөңгелегін, сонан кейін артқы дөңгелегін бастырып салыңдар. Тиянақты болу керек.

Сергіту сәті.

Қылқаламды қояйық,

Орнымыздан тұрайық.
Қолымызды созайық,
Оңға қарай иіліп,
Солға қарай иіліп,
Біз тынығып алайық.

Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог жұмыс барысында балалардың ұқыпты жұмыс жасауын қадағалайды.

3. Рефлексия.

Педагог қорытынды жасайды. Ойыншықтардың атынан ризашылық білдіреді.

№22 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, әлеумет.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Түрлі түсті моншақтар.

Мақсаты: бояулармен сурет салу дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері: сурет салудың дәстүрден тыс тәсілін үйрету, саусақ арқылы моншақтың суретін салуға үйрету, бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, әсемдікті, әдемілікті сезіне білуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: сұраққа жауап беруді, моншақтардың пішінін, түстерін және салуды;

түсінеді: моншақтың әшекей зат екенін, оны аналардың, әжелердің мойындарына тағатынын;

қолданады: саусақпен түстерді ауыстыра отырып, моншақ салуды.

Қолданылатын көрнекі құралдар: № 22 «Түрлі түсті моншақтар» демонстрациялық материалдар, № 22 «Түрлі түсті моншақтар» үлестірмелі материалдар, қызыл, сары түсті бояулар, су құйылған ыдыс, қуыршақ Айсұлу, түрлі түсті моншақтар, дымқыл сүлгілер.

Сөздік жұмыс: моншақ.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Педагог балаларға түрлі түсті моншақтарды көрсетіп, олардың не үшін пайдаланылатыны туралы айтып, осындай әшекейді үйлерінде кім тағады деп сұрайды. Әңгімелесіп отырған кезде қуыршақ Айсұлу ренжіп келеді.

– Айсұлу моншақтарын бізге келе жатқанда үзіп алып, сендер сол әдемі моншақтарын тізіп беруге көмектесе ме екен деп үміттеніп келіпті.

Сөздік жұмыс: моншақ.

2. Негізгі кезең.

Педагог демонстрациялық материалды көрсетеді. Суреттегі моншақтың түсін және пішінін сұрайды.

Сурет салудың тәсілін түсіндіреді:

Саусақтарыңды қызыл бояуға малу керек. Суреттегі жіптің үстіне қызыл түсті моншақты бастырып саласыңдар, сонан кейін ол саусақты сулы шүберекпен сүртіп, сары бояуға батырып, қызыл моншақтың жанынан сары түсті моншақты бастырып саласыңдар.

Сергіту сәті.

Моншақтарды алайық,

Мойнымызға тағайық.

Дөңгелене би билеп,

Көңілденіп алайық.

(Ф.Жумабекова.)

Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог балалардың өз бетінше жұмыс жасағандарына мұқият қарап бақылайды.

– Міне, әдемі моншақтар тізбегі дайын болды.

Балаларға моншақ тізбегін Айсұлуға сыйлауды ұсынады.

Айсұлу қуанышты екенін білдіреді.

3. Рефлексия.

Педагог қорытынды жасайды. Айсұлудың атынан балаларға ризашылығын білдіреді, мадақтайды.

№ 23 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, әлеумет.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Үйдің терезесіндегі жарық.

Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері: қылқаламмен үзік сызықтарды кеңістікте дұрыс орналастыра сызуды үйрету, бояумен ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, сурет салуға деген қызығушылыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: сұраққа жауап беруді және терезеден жарық түсетінін;

түсінеді: жарықтың пайдасын, қылқаламмен жұмыс істеу ережесін сақтауды;

қолданады: үзік сызықтарды шашырата сызу арқылы жарық сәулесін салуды.

Қолданылатын көрнекі құралдар: № 23 «Үйдің терезесіндегі жарық» демонстрациялық материалдар, № 23 «Үйдің терезесіндегі жарық» үлестірмелі материалдар, ақ түсті бояулар, су құйылған ыдыс, кешкі қаланың суреті, дымқыл сүлгілер.

Сөздік жұмыс: жарық.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Педагог балалардан бір-біріне деген жылы сезімдерін айтуды сұрайды.

Кеш мезгілі болғанда қараңғылық түсетінін, сол кезде үйлерде, дүкендерде және т.б. мекемелерде жарық жағылатынын айта отырып, күннің сол мезгілінде терезеден не байқағандары жайлы әңгімелеседі.

2. Негізгі кезең.

Педагог демонстрациялық материалды көрсетеді.

Сурет салу тәсілін түсіндіреді:

Қылқаламды ақ түсті бояуға малу керек. Арттық бояуды стақан шетіне сүртіп қалдырамыз. Қағаз бетіне жіңішке, үзік сызықтар қалдырамыз. Жұмыс соңында қылқаламды суға жуып, кептіреміз.

Сергіту сәті.

Қылқаламды қояйық,
Орнымыздан тұрайық.
Қолымызды созайық,
Оңға қарай иіліп,
Солға қарай иіліп,
Біз тынығып алайық.

Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог балаларға бағыт-бағдар беріп отырады. Осындай жарық сәулелерін салған кезде қылқаламды қатты баспай, ұшымен сүйкей жағу арқылы үзік сызықтар түріндегі шамның жарығын жан-жаққа шашырата салу керектігін естеріне түсіреді.

3. Рефлексия.

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

№ 24 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, әлеумет.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Торғайларға жем шашамыз.

Мақсаты: қарындашпен сурет салу дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері: қарындашпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қағаз бетіне нүктелерді түсіруді үйрету, ойын тәсілдері арқылы ой-қиялдарын дамыту, құстарға деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: құстардың дене пішінін және құстар туралы әңгімелесуді, сұрақтарға жауап беруді, қарындаш және қағазбен жұмыс істеу дағдыларын;

түсінеді: құстарға қамқорлық көрсетуді, оларға жем шашу керек екенін;

қолданады: қарындашпен сурет салу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: № 24 «Торғайларға жем шашамыз» демонстрациялық материалдар, № 24 «Торғайларға жем шашамыз» үлестірмелі материалдар, қарындаш, қыстағы құстардың суреті, дымқыл сүлгілер.

Сөздік жұмыс: жем.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Педагог тақтаға ілінген суретке балалардың назарын аударып, не көріп отырғандарын сұрайды.

– Суреттегі құстарға қарандаршы, олар не істеп отыр? Құстарға қандай көмек көрсетуге болады?

2. Негізгі кезең.

Сурет бойынша қысқаша әңгіме- сұхбаттан соң педагог демонстрациялық материалды көрсетеді.

Торғайларға жем шашайық, деп балалардың назарын суретке аударады. Нүктелеп сурет салудың тәсілін түсіндіреді.

Сергіту сәті.

Торғай, торғай, торғайсың,

Таяу келіп қонғайсың.

Дән шашайын, тойып ал,

Суыққа сонда тоңбайсың.

Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог жеке жұмыс жүргізеді. Қолындағы торғайдың мүсінін қозғалта отырып, салынған нүктелерді жем деп шоқытады. Балалар торғайлар болып музыка әуенімен ұшып көрсетеді.

3. Рефлексия.

Педагог аяқталған жұмыстарды мадақтап, сабақты қорытындылайды.

№25 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, әлеумет.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Орамалды безендіреміз.

Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері: қағазға бастырмамен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, орамалды геометриялық пішіндермен безендіруге үйрету, саусақ, қол қимыл-қозғалыстары мен икемділіктерін дамыту, балаларды әсемдікті көре білуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: орамалдардың әртүрлі пішіндері мен түстерін, ою- өрнектерін және орамалды безендіруді;

түсінеді: 8 Наурызда әжелер мен аналарға сыйлық сыйлауды, орамалды ою-өрнектермен безендіруді және қылқаламмен, таяқшамен, саусақпен сурет салуды.

қолданады: безендіру барысында қылқаламмен, таяқшамен, саусақпен әсемдеуді.

Қолданылатын көрнекі құралдар: № 25 «Орамалды безендіреміз» демонстрациялық материалдар, № 25 «Орамалды безендіреміз» үлестірмелі материалдар, түрлі түсті бояулар, ашық түсті безендірілген орамалдың суреті, қылқалам, су құйылған ыдыс, қуыршақ Айсұлу, құлақ тазалағыштар.

Сөздік жұмыс: орамал.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

– Балалар, мына Айсұлу деген кішкентай қыз 8 Наурыз мерекесіне әжесіне не сыйлайтынын білмей, сендерден көмек сұрай келіпті. 8 Наурыз – әжелер, аналар мерекесі, көктем мерекесі екенін балаларға түсіндіру.

– Әжемізге не сыйласақ екен? Ол кісі үлкен, қарт адам. Бәріміз Айсұлуға көмектесейік.

Сөздік жұмыс: орамал.

Педагог әдемі ою-өрнектері бар орамалдарды көрсетіп, олардың не мақсатта қолданылатынын туралы әңгімелейді. Балалардан аналарының, әжелерінің орамалдары жайлы сұрайды. Орамалдардың әртүрлі болатынын туралы түсініктеме береді.

Бүгін әжемізге сыйға тарту үшін мына орамалды әдемі етіп безендіріп берейік.

2. Негізгі кезең.

Педагог демонстрациялық материалды көрсетіп;

-орамалдың пішінін, орамалдағы өрнектің пішінін және түсін сұрайды. Балалар орамалдың үшбұрыш және ондағы өрнектің дөңгелек, қызыл түсті екенін айтады.

Саусақпен сурет салу тәсілін еске түсіреді.

Құлақ тазалағыш таяқшамен сурет салу тәсілін түсіндіреді.

Таяқшаны бояуға малу керек. Өрнектеп қағаз бетіне сурет саламыз. Ары қарай қылқаламмен сүйкеп салуды еске түсіреміз.

Жұмыс соңында қылқаламды жуып, сүлгіге сүртіп, кептіреміз.

Сергіту сәті.

Балалар орындарынан тұрып, желге қозғалған орамалдың бейнесін көрсетеді.

Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог сурет салу барысында балаларға дөңгелектерді орамалдың бір шетінен бастап, арақашықтығын дұрыс сақтай отырып салып шығуды тапсырады. Жұмыс барысында балаларға нақты бағыт-бағдар беріліп отырады. Балалар безендірген орамалдарын Айсұлуға ұсынады.

3. Рефлексия.

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Көрме ұйымдастырады.

№26 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, әлеумет.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Қуыршақ Сәуленің көйлегін безендіреміз.

Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері: қылқаламмен немесе саусақпен көйлекті дөңгелек пішіндермен (үлкен, кіші) безендіруге үйрету; негізгі түстер

туралы білімдерін бекіту, саусақтарының икемділігін арттыру, көйлекті әдемі әшекейлеу арқылы ой-қиялдарын дамыту, сурет салуға деген қызығушылыққа және талғампаздыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: сұрақтарға жауап беруді, көйлектерді безендіруді, ою-өрнектердің пішіндерін және түстерін;

түсінеді: көйлектің қыздардың киімі екенін, оны ою-өрнектермен безендіретінін;

қолданады: саусақ пен қылқаламды алмастыра отырып көйлекті безендіруді.

Қолданылатын көрнекі құралдар: № 26 «Қуыршақ Сәуленің көйлегін безендіреміз» демонстрациялық материалдар, № 26 «Қуыршақ Сәуленің көйлегін безендіреміз» үлестірмелі материалдар, түрлі түсті бояулар, ашық түсті безендірілген орамалдың суреті, қылқалам, су құйылған ыдыс, қуыршақ Айсұлу.

Сөздік жұмыс: көйлек.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Педагог балаларға әртүрлі көйлек үлгілерін көрсете отырып, көйлектің түрі өте көп болатынын айтады. Бірнеше қуыршақтың көйлегін көрсетіп, түсіне, өрнектеріне балалардың назарын аударады.

Қуыршақ Айсұлу қонаққа әдемі көйлек киіп барғысы келеді.

Сендердің көмектесуге дайын тұратындарыңды біліп, көмек сұрай келіпті.

Сөздік жұмыс: көйлек.

2. Негізгі кезең.

Педагог демонстрациялық материалды көрсетеді. Көйлектің өрнектерінің пішінін және түсін сұрайды.

Сурет салудың тәсілін түсіндіреді.

Үлкен дөңгелектерді қылқаламның көмегімен саламыз. Қылқаламды үш саусағымызбен ұстап бояуға малу керек, артық бояуды стақан сыртына сүртіп қалдырамыз. Қағазға сүйкеп жағамыз. Кішкентай дөңгелектерді салу үшін саусақтарымызды бояуға батырып, қағаз бетіне дөңгелектер саламыз. Бұдан кейін қылқаламды суға жуып, кептіреміз. Саусағымызды дымқыл сүлгіге сүртеміз.

Сергіту сәті.

Мен тиінмін тиінмін,

Қысқа жылы киіндім.

Қоймам толы жаңғаққа,

Іші жылы үйімнің.

Балалар өлеңді қимылмен орындайды.

Балалар жұмысқа кіріседі. Жұмыс барысында ұқыпты жұмыс жасауларын қадағалайды. Педагог балалардан көйлектерін қандай түспен безендіргені жайлы сұрайды. Неге дәл сол түсті таңдағаны туралы, осы түсте басқа да

кандай заттар болатынын сұрап көруге болады. Көйлекті безендіріп болған соң балалар көйлектерін қуыршақ Айсұлуға сыйлайды.

3. Рефлексия.

Педагог Айсұлудың атынан балаларға ризашылығын білдіреді, бәрінің де жақсы жұмыс істегендерін айтып мадақтайды. Қорытынды жасайды.

№ 27 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, әлеумет.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Кілемді әшекейлейміз.

Мақсаты: бояулармен сурет салу дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері: түрлі түсті бояуларды пайдаланып кілемді безендіруге үйрету, негізгі түстер туралы білімдерін бекіту, қылқаламды үш саусақпен дұрыс ұстауға үйрету, сурет салуға деген ынта-ықыластарын арттыру, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: кілемнің түстерін және безендіруді;

түсінеді: кілемнің –ұлттық бұйым екенін;

қолданады: кілемді бірнеше бояу түстерін алмастыра отырып бояуды.

Қолданылатын көрнекі құралдар: № 27 «Кілемді әшекейлейміз» демонстрациялық материалдар, № 27 «Кілемді әшекейлейміз» үлестірмелі материалдар, қызыл, сары бояулар, сүлгілер, су құйылған ыдыс, ұлттық әшекеймен безендірілген кілемнің суреті.

Алдын-ала жүргізілетін жұмыс: ұлттық әшекеймен безендірілген кілемді көрсету.

Сөздік жұмыс: кілем.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Ойын кезеңі:

Педагог балаларды музейге саяхат жасауға шақырады. Балалар бір-бірінің артына қатарға тұрып, педагог паровоз, балалар оның вагондары болады.

Музыка әуенімен пойыз музейге аттанады.

Педагог кілемдерді көрсетеді.

Кілемдердің сан түрлі қазақ оюларымен әшекейленетінін, қазақ шеберлерінің сәндік қолданбалы өнердің керемет өрнектерін ұрпақтан ұрпаққа беріп келе жатқанын айтады.

Балалардың топқа қайтуын өтініп, әдемі әшекейленген кілемдердің суретін салатынын ескертеді.

2. Негізгі кезең.

Педагог демонстрациялық материалдағы суретті балаларға көрсетеді. Суреттегі кілемнің қандай өрнектермен бейнеленгенін сұрайды.

Сурет салу тәсілін түсіндіру.

Қылқаламды үш саусақпен ұстап, бояуға малу керек, қылқаламдағы артық бояуды стақанның шетіне сүртіп қалдырамыз. Ирек сызықтарды солдан оңға қарай және жоғарыдан төменге қарай саламыз.

Сонан соң таяқшаны бояуға малып, кілемнің ортасына және бұрыштарына нүктелер саламыз. Қылқаламды жуып, қағаз сүлгіге сүртіп, кептіреміз.

Сергіту сәті.

Шаршасандар, балалар,

Қолдарыңды созыңдар.

Саусақтармен ойнаңдар,

Қолдарыңды сермеңдер.

Денелерің шынықсын,

Саналарың тынықсын.

Педагог балалардың назарын үлестірмелі материалдағы кілемнің суретіне аударып, сурет салудың тәсілін қайталайды. Қылқаламды қалай дұрыс ұстау керектігін естеріне салады. Суретті алдымен ауада ирек сызықты және нүктелерді салып үйренеді. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

3.Рефлексия.

Педагог балаларға барлығының да жақсы жұмыс істегенін айтып, мадақтап, кілемнің өрнектерінің әдемілігін қуыршаққа көрсетіп, ойын бұрышындағы жаңа кілемге олардың қуанатындығын жеткізеді.

№ 28 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, әлеумет.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Түрлі түсті сақиналар.

Мақсаты: гуашпен сурет салу дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері: қол, саусақ қимыл-қозғалыс икемділігін бейімдей отырып дөңгелек пішін салуға үйрету, бояу түстерін ажырату дағдыларын қалыптастыру, ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын, кеңістікті бағдарлай білу қабілетін дамыту, сурет салуға қызығушылыққа және түстердің үйлесімділігін сезіне білуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: дөңгелектің пішінін, түр-түстерін және қылқаламмен сурет салуды;

түсінеді: ұлттық киімдер мен бұйымдар туралы мәліметтерді, жүзіктің әшекей екенін;

қолданады: қылқаламмен дұрыс жұмыс жасау дағдыларын, дөңгелекті бояумен салу техникасын.

Қолданылатын көрнекі құралдар: № 28 «Түрлі түсті сақиналар»

демонстрациялық материалдар, № 28 «Түрлі түсті сақиналар» үлестірмелі материалдар, ұлттық киімдегі қуыршақ Айсұлу, қызыл, сары түсті гуашь, қылқалам, сүлгілер, су құйылған ыдыс .

Сөздік жұмыс:сақина.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Педагог үстел үстіне әртүрлі сақиналарды қойып, оларды жеке-жеке алып көрсетіп, олардың бір-бірінен айырмашылығын сұрайды. Осы кезде есік қағылады да, топқа қонаққа ұлттық киім киінген қуыршақ Айсұлу келіп кіреді.

Сөздік жұмыс:сақина.

- Балалар, Айсұлудың қолында не бар екен? Үстіндегі киімдеріне көңіл аударыңдаршы. Айсұлу бізге сыйлыққа, міне, қараңдаршы, қандай әдемі, түрлі түсті сақиналар ала келген. Балаларға көрсетіп түстерін сұрайды.
- Сақиналардың пішіні қандай?

2. Негізгі кезең

Педагог демонстрациялық материалдағы суретті көрсетеді.

Сурет салудың тәсілін түсіндіреді

Қылқаламды үш саусақпен ұстап бояуға малу керек. Артық бояуды стакан шетіне сүртіп қалдырамыз. Бір нүктеден бастап үздіксіз сызықпен дөңгелек саламыз. Қылқаламды суға жуып, кептіруді ұмытпаймыз.

Сергіту сәті.

Кәне,бәрің тұрыңдар,

Үлкен шеңбер құрыңдар.

Топылдатып аяқты,

Алақанды соғыңдар.

Шыр айналып, дөңгелеп,

Орындарыңа отырыңдар.

Балалар жұмысқа кіріседі. Ауада бірнеше рет қайталап салып көрген соң қылқаламды бояуға ұқыпты батырып, ыдыстың шетіне аздап сүйкеп артығын түсіріп, қағаз бетіне сақина суретін салады. Біреуін салып болған соң қасына тағы да екі сақина салады. Кейбір балаларға жеке нұсқау беріледі, оларға педагог қағазға салып көрсетеді.

Рефлексия.

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

№ 29 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, коммуникация.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Жылғалардан су ақты.

Мақсаты: үзік сызықтарды салу дағдыларын қалыптастыру

Міндеттері: көктем мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру; қылқаламмен

ирек сызықтар сызуды жалғастырып, бояуды үйрету, ұқыпты жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, жыл мезгілдеріне деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: сұрақтарға жауап беруді, көктем мезгілі туралы, жылғаның суретін салуды.

түсінеді: көктем мезгілінің ерекшелігін, қылқаламмен жұмыс жасау ережесін сақтауды.

қолданады: ирек сызықтар арқылы жылғалардың суретін салуды.

Қолданылатын көрнекі құралдар: № 29 «Жылғалардан су ақты» демонстрациялық материалдар, № 29 «Жылғалардан су ақты» үлестірмелі материалдар, көктем мезгілінің суреті, көк түсті бояу, қылқалам, сүлгілер, су құйылған ыдыс.

Алдын ала жүргізілетін жұмыстар: балабақшаның ауласында мақсатты серуен жасау.

Сөздік жұмыс: жылға.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Педагог жұмбақ өлең жасыру арқылы бүгінгі сабақтың қай жыл мезгіліне арналғанын сұрайды.

Сол жыл мезгілінің бейнесін парақ бетіне бейнелейік.

Жыл мезгілі шуақты,

Жердің беті нұрланған.

Сайды қуып су ақты,

Гүлдер өсті ырғалған.

Балалар жауап беруге қиналса, педагог өлеңнің мағынасын түсіндіріп, шешуін өзі айтады.

Сурет бойынша көктем мезгіліндегі болатын өзгерістер туралы әңгімелейді. Балалардан қандай өзгерістерді байқағандарын сұрайды.

2. Негізгі кезең.

Педагог балаларға демонстрациялық материалды көрсетіп, суретте не бейнеленгенін, және қандай түстерді көріп тұрғанын сұрайды.

Балалар сұраққа жауап беріп, суретте гүлдердің салынғанын, олардың қызыл түсті екенін айтады. Суреттегі гүлдерді суару үшін, су керегін түсіндіріп, педагог балаларға жылғаның суретін салу керектігін айтады.

Сөздік жұмыс: жылға.

Сурет салудың тәсілін көрсетеді.

Қылқаламды үш саусақпен ұстап, көк түсті бояуға малу керек, артық жағылған бояуды стақан шетіне сүртіп қалдырып, жылғаның суретін ирек сызықпен саламыз. Жұмыс аяқталған соң қылқаламды жуып, кептіреміз.

Сергіту сәті.

Керіл, созыл, бос тұрма,
Оян, тездет ұйықтама.
Күн жарқырап аспанда,
Бөлейді сені шуаққа.

Педагог балалардың назарын үлестірмелі материалдағы суретіне аударып, сурет салудың тәсілін қайталайды. Қылқаламды қалай дұрыс ұстау керектігін естеріне салады. Жылғаның суретін алдымен ауада ирек сызықпен салып үйренеді. Балалармен жеке жұмыс жүргізеді.

3.Рефлексия.

Педагог қорытынды жасайды.

Педагог балаларды салған суреттерінен көрме ұйымдастыруға шақырады.

Салған суреттеріне көңіл аударып, олардың керемет суретші екенін айтып, балаларды мадақтайды.

Гүлдердің балаларға айтқан алғысын өлеңмен жеткізеді.

Сылдырлап аққан сулардың,

Дыбысын естіп арықтан,

Су болса керемет біздерге,

Құлпырып, жайқалып кетеміз.

№ 30 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, коммуникация.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Құстар ұшады.

Мақсаты: балалардың дәстүрден тыс тәсілмен сурет салу біліктерін қалыптастыру.

Міндеттері: балаларға алақанның көмегімен сурет салудың әдістерін көрсету; ойлау қабілеттерін арттыру, қолдың ұсақ моторикасын және тіл байлықтарын дамыту, сұраққа жауап беруге үйрету, тақырып бойынша сөздік қорларын көбейту, құстарға деген сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: құстардың ерекшеліктерін, ұшқан құстың суретін салуды, сұрақтарға жауап беруді;

түсінеді: құстарды қорғап, оларға қамқорлық жасауды;

қолданады: алақанның көмегімен сурет салу техникасын.

Қолданылатын көрнекі құралдар: демонстрациялық материалдар № 30 «Құстар ұшады», үлестірмелі материалдар №30, ойыншық құс, құстың дыбысы жазылған аудио, көктемгі орманның суреті, пластикалық ыдыстар, қағаз сүлгілер мен қою езілген гуашь бояуы.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Ойын кезеңі: Қонаққа құс ұшып келді. Өзімен бірге орманның суретін алып келеді. Балалардың назарын суретке салып, онда не салынғанын сұрайды.

Әңгімелеседі:

Қар еріді. Көктем келді. Күн жарқырап шығып тұр. Жасыл шөптер қылтиып шыға бастады. Құстар ұшып келді. Күн жылы, құстардың көңіл күйлері жақсы, олар ән шырқайды. Құстарды қорғап, оларға қамқор болып, жем шашу керек.

– Құстар қалай сайрайды? Қалай ұшады? (Олардың қалай ұшатынын, қанаттарын қалай қағатынын көрсетуді сұрайды.)

Дискіде жазылған құстардың дауысын тыңдатады.

Құс өзінің көңілсіз, жалғыз екенін айтып, балаларға достарын салып беруді өтінеді.

2. Негізгі кезең.

Педагог алақанның көмегімен құстардың суретін салатынын айтады.

Демонстрациялық материалды көрсетеді.

Сурет салудың әдіс-тәсілін түсіндіреді.

Алақанды бояуға малып, алдымен бір қолдың алақанын, сосын соған жалғастырып, екінші қолдың алақанын қағазға қоямыз.

Бұл– құс , қанаттарын қағып, тез-тез ұшады!

Алақандардың бір-біріне сәйкес келуін ескертеді.

Алақанның көмегімен құстың суретін салуды қайталап көрсетеді.

Сергіту сәті.

«Құстар-құстар» ойыны.

Құстар-құстар, ұшқыштар,

Сайрап әнге салады.

Қанаттарын қағады,

Бұтақтарға қонады.

Клю-клю-клю, клю-клю-клю.

Дәндерді жақсы көреді,

Шоқып бәрін жеп қойды.

Тазалықты сүйеді,

Қауырсынын тазалап.

Бұтақтардан секіріп,

Жаттығады, күш жинап.

Қозғалады тынбастан,

Жоғары-төмен секіріп.

Балалар өлеңді қимылмен педагогпен бірге қайталайды.

-құстар сияқты қанаттарын қағып, топ бөлмесінде ұшып жүреді;

-тізе бүгіп отырады да саусақтарын біріктіріп, жерде жатқан дәнді шоқып алғандай болады;

-аяқ-қолдарын кезек-кезек сілкілейді;

-қолы белде, аятарын бірге қойып, бір орнында тұрып секіреді;

-ұяларына барып қонады (орындыққа отыру).

Үлестірмелі материалға назар аударады. Сурет салудың әдіс-тәсілін еске түсіріп, алақанның көмегімен құстың суретін салуға кіріседі. Педагог ұқыпты болуларын ескертеді. Жеке жұмыс жүргізеді.

Жұмыс соңында балаларға қолдарын сулы орамалға сүрту және жуу керек екенін айтады.

3.Рефлексия.

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мақтайды. Қонаққа келген құс балаларға өзінің достарының көбейгені жайлы және алғысын білдіреді.

Балалармен қоштасады. Балалардың жасаған жұмысынан көрме ұйымдастыру.

№ 31 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, коммуникация.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Шөптегі қанқыз.

Мақсаты: бояулармен жұмыс жасау біліктерін қалыптастыру.

Міндеттері: балаларға шөпті бояуды сүйкей жағу тәсілі арқылы салуды үйретуді жалғастыру; үш саусағымен қылқаламды дұрыс ұстауды; қолдың ұсақ моторикасын және тіл байлықтарын дамыту, сұраққа жауап беруге үйрету; табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: шөптің суретін салуды, сұраққа жауап беруді;

түсінеді: қанқыздың шөпте жүретінін, қылқаламмен сурет салу ережелерін сақтауды;

қолданады: төменнен жоғары қарай сүйкей жағу арқылы шөптердің суретін салуды.

Қолданылатын көрнекі құралдар: демонстрациялық материалдар № 31 «Шөптегі қанқыз», үлестірмелі материалдар №30, жасыл бояу, сулы орамал, банкадағы су, гүлдермен, шөптермен, гүлдермен безендірілген макет, ойыншық «Қанқыз».

Сөздік жұмыс: қанқыз.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

- Балалар, бүгінгі далада ауа райы керемет, ашық күн болып тұр екен, қарсаңдар саяхатқа шықсақ болады. Әнімізді айтып, серуендеп қайтайық.

Күн шуақта достармен.

Дорбамызды асынып,

Орманға біз барамыз.

Міне, тамаша сүрлеу жол

Бүлдіргендер тереміз

Көкжидек, қойбүлдірген,

Қара жидек іздейміз.

Қышқыл екен қызылжидек
Толып тұрған таңқұрай.
Айналып жай кете алмадық.
Бұталардан жинаймыз.
Мұнда тамаша орын бар,
Тағы орманға келеміз.
Айналамыз тамаша
Томарға бір отырып.
Демалып бір аламыз.

-Балалар, осылай әндетіп шалғынға келіп қалдық (макет көрсетеді).

Жайлауда алуан түрлі шөптер мен гүлдер өседі. Қарандаршы, шөптің арасынан бір дыбыс естілетін сияқты.

–Кәне, тыңдайық!

-Аааа, бұл қанқыз екен (*ойыншық*).

Сөздік жұмыс: қанқыз.

–Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен – қанқызбын. Сендерді көргеніме өте қуаныштымын.

Балалар қанқызды көргендеріне қуанып, амандасады.

–Балалар, менің сендерден бір өтінішім бар. Менің жасыл шөпте қыдырғым келеді, маған жасыл шөпті салып бере аласыңдар ма?

2. Негізгі кезең

Педагог демонстрациялық материалдағы суретке назар аударады.

Сурет салудың тәсілін түсіндіреді.

Қылқаламды үш саусақпен ұстап, жасыл түсті бояуға малу керек. Артық түсті стақан шетіне сүртіп қалдырамыз. Жасыл шөпті төменнен жоғары қарай саламыз. Қағаздың сол жағынан бастап саламыз. Жұмыс аяқталған соң қылқаламды жуып, кептіреміз.

Сергіту сәті.

Күн болып жанайық,
Мөлдір су боп ағайық.
Гүл болып жайнайық,
Терең-терең демалып,
Жүгіріп-жүгіріп алайық.

Педагог балаларды үлестірмелі материалдағы тапсырманы орындауға шақырады. Қылқаламды дұрыс ұстауды және сурет салудың тәсілін естеріне түсіреді. Суретті алдымен ауада, төменнен жоғары сызықтар салып көрсетуді ұсынады. Балалармен жеке жұмыс жүргізеді.

3. Рефлексия.

Педагог балалардың жұмыстарын қорытындылап, мақтайды. Балалардың салған суреттерінен көрме ұйымдастырады. Қанқыз балаларға рақметін айтады: «Қандай әдемі жасыл шөптер, менің сол шөптерге өрмелегім келеді». Балалармен қоштасады.

№ 32 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, коммуникация.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Шалғындағы бақбақтар.

Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері: балаларды егістікте өсіп тұрған бақбақ гүлінің пішінін, әдемілігін сурет арқылы жеткізуге үйрете отырып, бояумен жұмыс істеу біліктіліктерін жетілдіру, өздері салған суреттеріне қуана білуге және эстетикалық талғамы мен шығармашылығын дамыту, табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: бақбақ гүлі бөліктерінің атауын және суретін салуды;

түсінеді: гүлді күтіп баптауды, қылқаламмен дұрыс жұмыс істей білу дағдыларын;

қолданады: бақбақ гүлінің суретін салуда қылқаламмен сүйкеп салу әдісін.

Қолданылатын көрнекі құралдар: № 32 «Шалғындағы бақбақтар» демонстрациялық материалдар, № 32 «Шалғындағы бақбақтар» үлестірмелі материалдар, сары түсті гуашь, су құйылған ыдыс, ойыншық көбелек, балалардың санына сәйкес дайындалған бақбақ гүлі, қағаз сүлгілер.

Сөздік жұмыс: бақбақ.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Педагог балалардан серуен кезінде қандай гүлдерді көргендері жайлы сұрайды. Балалар, мен бір жұмбақ жасырамын, тауып көріңдерші?

Көктем мен жаз шыққанда,

Басына сары қалпақ киеді.

Күзге қарай қалпағы,

Қалқи ұшып кетеді.

Бұл не, балалар?

(Бақбақ гүлі)

Балалар жұмбақтың шешуін таппай қиналса, педагог жауабын өзі айтып, мағынасын түсіндіреді.

Сөздік жұмыс: бақбақ.

2. Негізгі кезең.

Педагог балаларға бақбақ гүлінің суретін көрсетеді.

Бұл гүлдің қалай аталатынын кім біледі? Бұл гүл қай кезде гүлдейді? Гүлдеп болған соң қандай өзгеріске ұшырайды?

Бүгін біз егістікте өсіп тұрған, енді гүлдеген бақбақ гүлінің суретін саламыз.

Алдымен салу жолдарын, суретті салғанда қағаздың бетін толық пайдалану керектігін түсіндіреді.

Сурет салу тәсілі.

Қылқаламды сары түсті бояуға малу керек, гүлдің сабағының жоғары жағына дөңгелек пішіндегі сарыгүлді басып отырып салу керектігін түсіндіреді.

Содан кейін қылқаламды жуып, сүлгіге сүртіп, кептіреміз.

Сергіту сәті.

«Бақбақты үрлейміз» тыныс алу жаттығуы

Жарқыраған ашық күн,
Сары алтындай гүл өсті.
Самал желі ескенде,
Гүлі оның тербелді.
Қатты жел соққанда,
Жапырақтар толқыды.
Ақырын ғана үрлесен,
Жан-жаққа ұшты гүлдері.

Педагог балаларды үлестірмелі материалдағы тапсырманы орындауға шақырады. Қылқаламды дұрыс ұстауды және сурет салудың тәсілін естеріне түсіреді. Суретті алдымен ауада көрсетуді ұсынады. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.

3. Рефлексия

Педагог балалардың жұмыстарын қорытындылап, мақтайды. Балалардың салған суреттерінен көрме ұйымдастырады.

№ 33 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, коммуникация.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Мерекелік отшашу.

Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері: мерекелік отшашудың әдемілігін сурет арқылы жеткізуге, отшашудың суретін салуға үйрету, бояумен жұмыс істеу тәсілдерін жетілдіру, әдемілікті сезіне білуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: түстерді ажырата отырып, бояумен отшашудың суретін салуды;

түсінеді: отшашудың түрлі-түсті екенін, қылқаламмен жұмыс істеу ережесін сақтау керектігін;

қолданады: түрлі түсті бояуларды пайдалана отырып, отшашудың суретін сүйкей жағу арқылы салуды.

Қолданылатын көрнекі құралдар: № 33 «Мерекелік отшашу» демонстрациялық материалдар, № 33 «Мерекелік отшашу» үлестірмелі материалдар, отшашу бейнеленген мерекелік отшашудың суреті, сары, қызыл түсті бояулар, қылқалам, су құйылған ыдыс, ойыншық «Гномик» қағаз сүлгілер.

Сөздік жұмыс: отшашу.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Ойын сәті:

Қонаққа кішкентай Гномик келеді. Балабақшаға келе жатып жолдан тауып алған суретінде ненің суреті бейнеленгенін түсіне алмай тұрғанын айтады. Педагог суреттегі мерекелік көңіл күйді, балалардың қуанып жүргенін айтады. Мерекеде отшашулардың түрлі-түсті болатынын, олардан көшенің жарық болып кететінін әңгімелеп береді.

Сөздік жұмыс: отшашу.

Гномик оның достарының отшашуды көрмегенін айтып, өзіне отшашудың суретін салып беруді балалардан өтінеді.

2. Негізгі кезең.

Педагог балалардың назарларын демонстрациялық материалда қызыл және сары түсті сызықтармен салынған отшашудың суретіне аударады.

Сурет салудың тәсілі.

Отшашудың сары және қызыл шоқтарын қылқаламмен қалай сүйкеп салу керек екенін түсіндіреді.

Сызықтың жоғарғы жағына сүйкеп салынады. Әр түрлі түспен бояу кезінде қылқаламды жақсылап жуып отыру керек.

Жұмыс соңында қылқаламды тағы да жуып, кептіру керектігін ескертеді.

Сергіту сәті.

Біз гүлдерше өсеміз,

Жапырағы жайқалған.

Сабақтары салалы,

Желге ырғалып жайқалған.

Педагог балаларға үлестірмелі материалды көрсетіп, ондағы сурет салу тәсілдерін және қылқаламды дұрыс ұстауды естеріне салады. Сүйкеп салу кезіндегі қолдың қозғалысын ауада салып үйренеді. Балалармен жеке жұмыс жасайды.

3. Рефлексия.

Педагог қорытынды жасайды, балалардың салған суреттерінен көрме ұйымдастырып, бәрінің жақсы жұмыс жасағандарын айтып мадақтайды.

Гномик балалардың салған отшашудың суретінің өзіне ұнағанын айтып, балалармен қоштасады.

№ 34 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, коммуникация.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Қошақанға шөп береміз.

Мақсаты: бояумен сурет салу дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері: жасыл түсті пайдалана отырып шөптің суретін салуға үйрету, саусақ бұлшық еттерін, қол қимыл-қозғалыс икемділіктерін дамыту, үй жануарларына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: сұраққа жауап беруді, шөптің суретін салуды;

түсінеді: үй жануарларына қамқорлық жасауды, қылқаламмен дұрыс жұмыс істей білу дағдыларын;

қолданады: шөптің суретін салуды.

Қолданылатын көрнекі құралдар: № 34 «Қошақанға шөп береміз» демонстрациялық материалдар, № 34 «Қошақанға шөп береміз» үлестірмелі материалдар, жасыл түсті бояулар, қылқалам, су құйылған ыдыс, қағаз сүлгілер, үй жануарлары бейнеленген сурет, ойыншық қошақан.

Сөздік жұмыс:қошақан.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Педагог суреттерін көрсете отырып үй жануарлары және төлдерімен балаларды таныстырады, әрқайсысы қалай аталатыны жайлы балалармен әңгімелеседі.

Ауылға барғанда малдардың төлдерін көргендері жайлы және қойдың төлін «қошақан» деп атайтыны туралы естеріне түсіреді.

Сөздік жұмыс:қошақан.

Мына бір қошақанның қарны ашыпты, біз сол қошақанға шөп берейік.
Қошақанның суретін көрсетеді.

2. Негізгі кезең.

Педагог балаларға демонстрациялық материалдағы қошақанның не істеп тұрғанын сұрайды. Қошақан шөп жеп тұр.

Қылқаламмен шөптің суретін төменнен жоғары салынатын естеріне салады.

Сергіту сәті.

Біздер тату баламыз,

Гүл гүл жайнап аламыз,

Жаттығулар жасаймыз,

Жақсы сергіп қаламыз

Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог үлестірмелі материалдағы суретке назар аударуларын өтінеді. Төменнен жоғары сызықтар салу тәсілін еске түсіреді.

Ауада салуды көрсетеді. Соңында қылқаламды жуып, сүлгіге сүртіп кептіруді және тиянақты болуды ескертеді. Балалармен жеке жұмыс жасайды.

3. Рефлексия.

Педагог балалардың салған суреттерінен көрме ұйымдастырып, бәрінің де жақсы салғандарын айтып мадақтайды.

Педагог балаларға олардың қошақандарының атынан ризашылық білдіреді.

№ 35 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, коммуникация.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Үлкен және кішкентай доптар.

Мақсаты: құмға сурет салу дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері: балаларға қарапайым дөңгелек пішінді саусақпен

құмда сурет салуды үйрету, саусақтарының икемділіктерін арттыру, өз жұмысының нәтижесіне қызығушылықпен қарауға және ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: құмға доптың суретін салуды, тәжірибе жасауды;

түсінеді: құмның сусымалы және жұмсақ екенін, құмға сурет салуға болатынын;

қолданады: құмның бетіне саусақпен дөңгелектеп доптың суретін салуды.

Қолданылатын көрнекі құралдар: әр баланың алдына құм салынған ыдыс, сүлгілер, құмда жатқан доп бейнеленген сурет, «Үлкен және кішкентай доптар» демонстрациялық материалдар.

Сөздік жұмыс: шашылады, үйіледі, жиналады.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Педагог балаларға құм басқан шөл далаға саяхатқа баратындары және осы құмның бетіне әртүрлі бейнелер салуға болатыны жайлы әңгімелейді. Балалар алдарындағы ыдыстағы құмды ұстап, алақандарымен сипап, оны үйіп көреді, педагог олардың не сезінгендері жайлы сұрайды. Балалар не сезінгендерін: «шашылады», «үйіледі», «жиналады» т.б. сөздерін айтады.

2. Негізгі кезең.

Педагог балаларға доптың суреті салынған сюжетті суретті көрсетеді.

– Қараңдаршы, құмның үстінде жатқан не?

– Доптың пішіні қандай?

Балалар доптың домалақ екенін айтады.

Педагог демонстрациялық материалды көрсетеді.

Құмда сурет салу тәсілін түсіндіреді

Сұқ саусақпен құмның үстіне үлкен және кішкентай доптарды саламыз.

Алдымен ауада салып көрсетеміз.

Сергіту сәті.

Күнге қолды созамыз,

Күндей жарық боламыз.

Айға ұшып барамыз,

Айдан сәлем жолдаймыз!

Педагог балаларға құмға толған ыдыста доптың суретін салуды ұсынады.

3. Рефлексия

Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды.

«Допты қуып жет» ойынын ұйымдастырады.

Педагог бір мезгілде екі, үш допты домалататы, балалар допты қуып жетуі керек.

№ 36 ұйымдастырылған оқу қызметі

Білім беру салалары: шығармашылық, таным.

Бөлімі: сурет салу.

Тақырыбы: Күн жарқырап тұр.

Мақсаты: саусағымен құмда сурет салудың бастапқы техникасын қалыптастыру.

Міндеттері: құмда үздіксіз айналмалы сызықтар жүргізуді; қолдың ұсақ моторикасын, үлгі бойынша жұмыс жасауды, сөз байлықтарын дамыту.

Айналасына қызығушылық танытуға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтижелер:

біледі: құмға күннің суретін салуды;

түсінеді: күннің дөңгелек және оның шуақтары болатынын;

қолданады: құмның бетіне саусақпен дөңгелек пішін салу техникасын.

Қолданылатын көрнекі құралдар: демонстрациялық материалдар № 36 «Күн жарқырап тұр», үлестірмелі материал №36 «Күн жарқырап тұр», әр балаға құм салынған ыдыс, орамал, мольберт, фланелеграф, фланелеграфқа мүсіндер (күн, бұлт), сәулелі үстел.

Алдын ала жұмыс: балалардың кітабынан күннің суретін тамашалау, серуенге шыққанда күнді бақылау.

Сөздік жұмыс: дөңгелек.

ҰОҚ-нің барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Педагог фланелеграфқа күннің бейнесін жапсырып, өлең жолдарын оқиды:

Күн ертемен тұрады,

Далаға барлығын шақырады.

Далаға шығып мен:

-Сәлеметсің бе, күн! – деймін.

- Күннің сәулесінен барлығы көңілді шаттыққа бөленеді. Егер күн бұлт арасына тығылып қалса (бұлтты жапсырады), онда барлығы көңілсіз болады. Біздің де көңіл күйіміз өзгереді. Кәнеки, бәріміз, саусағымызбен құмның бетіне жарқырап тұрған күннің бейнесін салайық, ол бәрімізді әрқашанда өз сәулесімен қуантып жүрсін.

2. Негізгі кезең.

Жаттығу: «Құммен амандасамыз».

Педагог балаларды құмды алақандарына салып, ұстап көрулерін және бір қолынан екінші қолына салуларын сұрайды. Саусақтарымен құмда шұғылалы күннің суретін салуды сұрайды.

Демонстрациялық материалдағы суретке көңілдерін аудартады.

Құмның бетіне күннің суретін салу тәсілін түсіндіру.

Саусақпен домалақ саламыз; күннің сәулелері түзу, ирек және ұзын, қысқа, әртүрлі болады.

Сергіту сәті.

Ал, балалар, тұрамыз,

Айналаны шоламыз.

Күн нұрындай жарқырап,
Жер бетіне қонамыз.

Педагог балаларға құмға толған ыдыста күннің суретін салуды ұсынады.
Балалар үлгі бойынша және өз қалауларымен күннің бейнесін салады.

3. Рефлексия.

Педагог балалардың жұмыстарын қорытындылап, мадақтайды.

-Қараңдаршы, Күн қалай жарқырап сәулесін шашып тұр! Күн оянып, бізге күлімдеп қарайды.Бәріміз де күнге күлімдеп: «Сәлеметсің бе, шұғылалы Күн!» деп амандасайық.

Жұмыс соңында қолдарын дымқыл сүлгімен сүрту керектігін ескертеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Астана, 2016.
2. Жұмабекова Ф.Н. Балабақшадағы көркемдік тәрбие. Алматы: Шартарап, 2000.
3. Аманжолов С.А. Бейнелеу өнерінің әдістемесі. Астана, 2010.
4. Белая К.Ю. Методическая работа в дошкольном учреждении. М., 1991.
5. Жұмабекова Ф.Н. Балабақшада бейнелеу іс-әрекетін үйрету әдістемесі. 2011.
6. Қазақстан акварелі. Алматы: Өнер, 1989.
7. Швайко Г.С. Занятия по ИЗО в детском саду. М., 2000.

Мазмұны

Түсініктеме.....	3
Ұйымдастырылған оқу қызметінің перспективтік жоспары	8
Ұйымдастырылған оқу қызметінің үлгі жоспарлары.....	18
Пайдаланылған әдебиеттер.....	67

Оқулық басылым Учебное издание

**Жумабекова Фатима Ниязбековна
Бельгибаева Гульнар Айтбаевна
Шамилова Актоты Сексенбаевна**

СУРЕТ САЛУ РИСОВАНИЕ

Әдістемелік нұсқау

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың
үлгілік оқу бағдарламасы бойынша бірінші
кіші топ (2-3жас) педагогтеріне арналған

Методическое руководство

для педагогов первой младшей группы
(2–3 года) по Типовой учебной программе
дошкольного воспитания и обучения

Әдіскер *Б.С. Тәжинова*
Редакторы *Л.С. Ахметова*

Методист *Б.С. Тәжинова*
Редактор *Л.С. Ахметова*

«Алматыкітап баспасы» ЖШС,
050012, Алматы қаласы, Жамбыл көшесі, 111-үй,
тел. (727) 250 29 58, факс: (727) 292 81 10.
e-mail: alkitap@intelsoft.kz

ТОО «Алматыкітап баспасы»
050012, г. Алматы, ул. Жамбыла, 111,
тел. (727) 250 29 58; факс: (727) 292 81 10.
e-mail: alkitap@intelsoft.kz